

ӘОЖ 159.99

А.А. ИСЛЯМОВ

ШҚТГК, Өскемен қ., Қазақстан

ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒА
МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Мақалада қайта өрлеу дәуіріндегі, сондай-ақ француз, ағылшын, неміс ағарту істеріндегі жеке тұлға мәселесінің қарастырылуы ұсынылған.

Түйін сөздер: қайта өрлеу дәуірі, жеке тұлға.

ПРОБЛЕМЫ ИНДИВИДУАЛЬНОСТИ ЧЕЛОВЕКА
В ЭПОХУ ВОЗРОЖДЕНИЯ

В статье рассмотрены проблемы индивидуальности человека на примерах французских, английских и немецких известных деятелей.

Ключевые слова: эпоха возрождения, индивидуальный человек.

THE ISSUES OF HUMAN INDIVIDUALITY IN THE ERA OF RENAISSANCE

The issues of human individuality on the examples of French, English and German people of name are considered in the article.

Keywords: the era of renaissance, human individuality.

Жаңа кезеңге дейінгі ешбір мәдениет адам дамуын өзекті мәселе ретінде жеке тұлғаның ой-өрісін, дарынын, өмір сүру тәртібін зерттеуді жүргізбеген. Алғашқы қадам Италияның қайта өркендеу дәуірін алып, XVII ғасырда өте күрделі өзгерістерден өтіп, тек ағарту дәуірінде ғана бұл идея толығымен қарастырылып, XIX ғасырда Еуропа жерінде өзіне жол ашқан. «Жеке тұлға» «persona» ұғымы дәстүрлі қоғамдарда, яғни көне дәуірдегі грек-рим театрларында әртістер киетін бет жапқышты (масканы), соңынан ол әртістің өзін және оның орындайтын рөлін айқындаған. Римдіктерде бұл ұғым адамның әлеуметтік функциясын, мәнін, жағдайын анықтау арқылы қолданылған (әке тұлғасы, сот

тұлғасы және т.б.). Терминге және жеке түсінікке айналып, «жеке тұлға» деген сөз өзінің бастапқы мәнін өзгерткен. «Даралық» (индивидуальность) деген сөз «жеке тұлға» деген сөзбен бірге бұдан екі-үш жүз жыл бұрын пайда болған. Өзінділік туралы арнайы және революциялық түсінік, өзінің қажеттілігіне байланысты қайбір мәдениетке белгісіз болуы мүмкін еместігі арқылы биоэлеуметтік мүмкіншіліктерді анықтаған. Бұл фундаменталдық тарихтан тыс мүмкіншілік адамзаттық адамдардан тұратын қарапайым фактілерге байланысты болған. Бұл фундаменталдық фактілерден екі принципіалдық қорытынды шығарылған. Біріншіден, адам табиғаты барлық тірі жандар табиғатына сәйкес біркелкі емес деп тұжырымдалған. Мысалы, жеке тұлғалардың денесі, бет әлпеті, дауысы, қол сермеулерінде ұқсастық жоқ болса, олардың рухында, дене қызуында, мінезінде, іс-әрекеттерінде де ұқсастық жоқ. Бұл әртүрлілікті байқап және бір тәртіпке келтіріп әр адамды белгілі бір тұлғаға және дәрежеге бөліктеуге әрекеттер жасалған. Бұл жағдай ешкімді өзіндік түрде қалдырмай, олардың өзгешеліктерін жалпы жағдайға келтіруді іске асырған.

Екіншіден, жеке тұлғаның парасаттылығы ой-өрісінің дамуы, ұлттық идеялармен қарулануы жеке адамның білімінен хабары бар деп саналған. Сонымен бірге нақты бір түсінікке жатпайтын, өзімен-өзі бір ағыста жүретін жағдай болып есептелген. Дегенмен, әрбір кіші жеке тұлға әлемдік ақыл-ойдың бір кіші бөлшегі бола тұрып бір бүтіндіктен жоғары саналған, себебі ол өзіне бүтіндікті сіңіріп, кейде оған тағы бір жағдайларды қосуға тырысқан. Қайбір мәдениет болмасын бұл ой-пікірдің парадокстығына ой жүгірпеуге мүмкіншілігі болмаған, сонымен қатар жаппай рухтың оған деген қатынасы есепке алынған. Осы шеңберде ренессанстың ой-пікірі өрістей «индивид» деген түсініктен «жеке дара» деген түсінікке ауысқан.

«Индивид» деген сөз әрбір жеке адамның оның өз бетінше өз тағдырын шеше алмайтын, көбею қабілетіне байланысты анықталған. Адамзаттың ой-өрісінің проблемаларына мән берілмеген, себебі олардың өмірі ру, қоғам, діни көзқараспен, бірлестіктермен тығыз байланыста болып, абсолюттік есеп жүргізу нүктесін талап еткен. Өмір сүрудің өзіншілдігі айқын болғанымен, бұл айқындық қорқынышты болған. Жалған психикалық атомарлықтан ой-пікір заттар бетінен адам оны тек қана жалпы тізбекке қойғанда ғана түпнұсқалы деп саналады. Бұл тұрғыдан шын мәнінде және дара түрде «индивидуум» болып космос не Құдай болып саналады [1].

Еуропаның элеуметтік-мәдени модельдерінің (ескі дәуірдегі, иудей-христиандық) тұрғысынан алғанда «Шығыс» және «Батыс» деген түсінік алғашқы пайда болған кезеңде «Мен» деген сөздің бөлектігі теріс бағаланған. «Мен» деген сөз өзіндік түрімен қабылданбаған, ол тек қана мәтіннің кейбір байланыстары арқылы қабылданған.

Әрбір индивидтің альфа және омега сипаттамасы – олардың әлеуметтік және метафизикалық бірлестігі. Олардың абсолюттік және авторитарлық (өктемділік) инстанцияларын көпшіліктен бөлу мәселелері шығарылып, оларға қайта келіп қосылып отырған. Бұл жағдай ешкім бөлекшеніп шықпады деген сөз түсінікті анықтамайды. Дегенмен жоғары сатыда тұру қолдау тауып отырған. Бұл тұрғыда олимпиадалық ойындар «лаврасын», «агонаны» ежелгі Эллиндер арасындағы жаппай жарыстарды Рим «триумфын» және басқа да атақты азаматтарға жасалатын марапаттауды және орта ғасырдағы әскери, кейінірек ақындар турнирлерін еске алуға болады. «Өзіншілдік» және «жеке тұлға» деген түсініктер жаңа кезеңде бір мезгілде (синхронды түрде) туындап, сөз тіркесінде пайдалану арқылы бір-бірінің синонимі ретінде қабылданып кеткен. Индивидуум мен қоғамның индивидууммен әлемнің мәдени, әлеуметтік және логикалық қатынастары олардың проекциясы бола тұрып, бұл түсініктер көбінесе туыстас тәрізді болып көрінеді, дегенмен тереңірек қарап, оның мәніне үңілсек олар бір-бірінен бөлек тұрады.

Бүгінгі дәуірде түзіліп отырған әлеуметтіктің идеясына қарасақ, ол – қоғамның емес, индивидтің моделі (нұсқасы) және шындықтың түсініктеме бейнесімен тура өтетін адамның әмбебап идеясы. Тарих барысы жеке адамның тек дербестігінен, ішкі мүмкіндігінен және айбынынан ғана бақытты өмір сүруді қамтамасыз етуге болмайтындығын анықтаған кезден бастап XVI ғасырдың ортасында әлеуметтік идеалдың ренессанстық бастамасы утопияға айналып, өзіне-өзі қарсы тұратын жағдайға жеткен [2].

Француз ағарту істеріндегі адам мәселесі

Француз ағарту істері философиясында адам проблемасы өте маңызды орын алады. Бұл проблема негізінде ашық материализм тұрғысынан (Ламетри, Дидро, Гельвеций, Гольбах) немесе деизм тұрғысынан, анығырақ айтсақ, материалистік философияның дейсттік формасынан (Вольтер, Руссо) шешіледі. Француз материалистері адам туралы түсінікті діни-философиялық антропологияға қарсы қойып дуалистік түсініктемені түбімен жоққа шығарып, оның адам табиғатының дене, материалдық субстанциялары мен адам рухының өлмейтін материалдық емес жағдайларын мойындамайды. Егер де деист-философтарын алатын болсақ, Руссо адамның өлмейтіндігін мойындап, ана дүниеде оның қылығына қарай құрметтелуіне немесе жазалануына сенеді, ал Вольтер болса бұл жағдайды теріске шығарып, о дүниеде «құдай шындығы» бар ма деген сұраққа жауап беруден бас тартқан. Адам табиғатына түсініктеме беруде Вольтер Паскальға қарсы тұрған, оның дуализмін жоққа шығарумен қатар философтың адам – табиғаттағы өте әлсіз және мүсәпір тірі жан, ол бір өзіндік «ойлайтын қамыс тәрізді» деген басты ойын мақұлдамаған. Адамдар Паскаль айтқандай мүсәпір және ашулы емес деген. Вольтер Паскальдың адамдардың жалғыздығы және

еске алынбайтындығы идеясына өз тезисін қарсы қойған. Бұл тезис бойынша адам қоғамдық тұлға болып «мәдени қоғам» құруға тырысады деген. Вольтер Паскаль адамның ынтықтығын эгоизмнің «Өзін-өзі сүюшілігін» айыптауын мойындамайды, бұл мәселелер Вольтер бойынша адам іс-әрекетінің бастапқы себептері бола тұрып, адамдарды бірлесуге тарту импульсі ретінде дамыған қалалар мен ұлы мемлекеттердің құрылуына әкеліп соғады дейді [3].

Адам проблемаларын материалистік тұрғыдан шешу мәселелері Ламетри, Дидро және Гельвеций шығармаларында айқын түрде орын алған. Олардың философиялық антропологиясының лейтмотиві (ой-өзегі) ретінде адамның материалдық бүтіндігі саналады және олардың «жан мүмкіндіктерінің», барлық техникалық процестерінің, нервтік жүйе және ми арқылы туындайтын сезімнен бастап ой-өрісіне дейінгі дененің субстанциялық жағдайлары саналады. Бұл көзқарасқа сәйкес дененің өлімі адамның барлық психикалық қызметінің және табиғи және заңды түрде жер бетіндегі өмірі байланыстырылған. Психофизиологиялық проблеманы материалистік шешу теологиялық спиритизмге және діни-философиялық дуализмге қарсы тұру арқылы іске асырылып, өзінің механизмімен (тетігімен) айрықшаланған. Сонымен қатар бұл жағдай ламетридің «машина адам» адам шығармасында баяндалады [4]. Дегенмен француз материалистерінің механизмдерін бірыңғай түсінуге және олардың адамға деген көзқарасын қарапайымдауға болмайды. Бұл жағдай қарапайым механизм немесе машина ретінде қабылданбай, олар сезім, ой-өріс қабілетін қалыптастыратын табиғи құрал ретінде сипатталған. Сондықтан да материалист-философтар физиологияға нерв жүйелерін, миды психикалық материалдық субстракт ретінде оқып тануға ұмтылған.

Француз материалистері Вольтерден де көбірек дәрежеде адамның сезім-эмоциялық табиғатын оның жеке мүдделерінің іс-әрекетіндегі мәнін атап көрсеткен. Бұл мәселе әсіресе Гельвецийға тән болған. Гельвеций туралы Маркс былай деп жазған: «Сезім арқылы әсер алу, өзін-өзі сүю, ләззатану және дұрыс түсінілген жеке мүдде моральдық негізін құрастырады. Дегенмен Гельвецийдің адамын барып тұрған эгоист және өзін-өзі сүюші деп қарау қателікке жатады», себебі ол «дұрыс түсінілген жеке мүдделер» туралы әңгіме жасап, бұл мүдделер жеке мүддемен қоғамдық мүдделердің байсалды түрде бір-бірімен қалыптасуын іске асырды. Бұндай «байсалды эгоизм» адамның «жалпы байлыққа» ұмтылуын жоққа шығармайды [5].

Дидро бұл мәселелер бойынша басқаша позицияда болған. Ол туынды моральдық сезім теориясын бөлектеп, ағылшын ағартушысы Шефтсберидің сенсуалистік және альтруистік пікіріне қосылған. Адамға табиғаттың берген моральдық сезімінің көрінісі ретінде Дидро оның жақсылыққа, өзара сүйіспеншілікке, бірін-бірі қолдауға ұмытылуын есептеген. Туғаннан адамға тән

болған жақсылыққа ұмтылу оның ойынша, моральдық тәрбиенің қажеттілігін жоққа шығара алмайды. Бұл жағдай «табиғи» жақсылық жасауды дамытып, оны нығайтады және адамдардың жоғары деңгейіндегі өнегелілігін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, француз ағартушы-филологтарының адам туралы ілімі гуманистік және демократиялық бағытта жүріп, материалистік антропологияның әрі қарай дамуына өз әсерін тигізген.

Ағылшын ағарту істеріндегі адам мәселесі

XVII-XVIII ғғ. екінші жартысында Британияның философиялық ой-пікірлері Госббстың, Локканың, Юмның идеяларының басым түрдегі ықпалы арқылы дамыған. Олардың творчествосында адам проблемалары айтарлықтай орын алған. Гоббс Англияның ең ертедегі ағартушыларының бірі бола тұрып «адам табиғатын» олардың өмірге деген әуестілігі мен тәжірибелік мүдделерінен өзін қорғаудағы «табиғи» ниеттерінен, сонымен қатар олардың байлыққа, ардаққа, даңққа ұмытылуына сәйкес сипатталған. Гоббстың ойы бойынша, «адамдар басқаларға емес, тек өзіне деген сүйіспеншілігі үшін» іс-әрекеттер атқарып, міндетті түрде эгоистік мінез-құлыққа ұмтылады. Сондықтан да адамдар арасында бәсекелестік қатынастар және наразылықтар туындайды, оларды жою үшін күшті мемлекеттік билік орнатып, барлық азаматтарға міндетті айқын заңдар енгізу қажет дейді ол. Гоббстың саяси теориясында мемлекет қоғамдық келісімшарттың өнімі ретінде есептеліп, татулықтың қоғам мүшелерінің гүлденуіне кепіл ретінде әр адамға «табиғат» берген құқықтарды пайдалану мүмкіншілігін береді, олар – өмірге, қауіпсіздікке, мүлікке деген иелік құқықтар. Мемлекеттің билігін жақтайтын Гоббс азаматтардың кейбір бостандыққа ие болуын жоққа шығармаған: мекенжай таңдау, қызмет түрін таңдау, өмір сүру бейнесін және т.б. бостандықтары [8].

Гоббстан кейін Локк та мемлекетті адамдардың өзара келісімінің өнімі деп есептейді, дегенмен ол Гоббске қарағанда бірінші шепке құқықтық, заңдық критерийлерге қарағанда адам мінезінің қоғамдағы моральдық критерийлерін қояды. Локктың пікірі бойынша, тұлғааралық қатынастардың табиғи реттеушісі ретінде азаматтық заңдар емес, әдептіліктің нормасы (тәртібі) орын алып, олар «жасырын» және «үнсіз» келісім арқылы орнатылуы қажет деп есептейді. Ол мынадай жағдайларға көңіл аударады: адамдар «жақсылық жасауға ұмтылады», олардың көпшілігі кемшіліктерді бұрыстай, жақсылықты жақтайды. Сонымен қатар Локк адамдардың жақсылық істерінің олардың өзіне пайдалы екенін атап көрсетіп, олардың әлеуметтік қатынастарды сақтап, нығайтуға және барлық қоғам мүшелеріне пайдалылық қажеттігін атап өтеді [1].

Юм Гоббспен, Локкқа қарағанда «жаппай жақсылық жасау» принциптерін және адам табиғатының эгоизмін жақтаған. «Адамзаттың көп бөлігі жамандық пен жақсылықтың арасында жүреді», – дейді ол. Адамдар айтарлықтай эгоист

бола тұрса да, әдетте олардың бір-біріне деген сүйкімділік ой пікірлері басым тұрады.

Сонымен қатар қоғамда «өзара жақсылық қызметтерімен алмасу жүріп отырады», олар одан әрі әлеуметтік қатынас деңгейін нығайтады. Юм адам дүниесі табиғатын өзіне тән скептикалық мәнерде түсіндіреді. Адам жанына материалдық емес және жойылмайтын субстанция ретінде қарау, оның пікірінше қиял ғана. Дегенмен бұл пікір Юмның психофизикалық проблемаларды материалистік түрде шешкісі келетінін дәлелдемейді. Себебі мұндай жағдай оның адам жанының өлмейтіндігі туралы пікіріне қайшы келген болар еді. Ол философиялық скептицизмді қолдап, оның қорытындысы ретінде оның агностицизмді туындаған [9].

Гоббс, Локк, Юмның шығармаларында адам проблемасының әртүрлі аспектілерінің зерттелуі, олардың дене және рухтық өмірлерінің көп түрлі болуы қарастырылады.

Неміс ағарту істерінде адам мәселесінің қарастырылуы

Француз ағарту істеріне қарағанда немістер дәстүрлік антропологиялық сюжеттерге түгелімен мойынсынбаған. Оларда адам табиғаты және адам субъектілігі туралы ой-пікір жоқ болған. Әңгіме оларда адамзаттық ұлттық мінезі, не олардың өнегелі прогресі немесе гуманизм туралы жүрген. Дегенмен неміс ағарту істерінде философиялық антропология бірте-бірте философияның рефлексиялық өзіндік бір бөлігіне айналып, білім және этика теориясымен бірге рәсімделген. Канттың атақты сұрағы: «Мен не білуім қажет», «Мен не істеуім керек», «Мен неге арқа сүйеуім керек» философиялық рефлексияға дейін дайындалып, адам проблемаларын қоюда күрделі түрде іске асырылған. Олардың ойы бойынша адам табиғатын анықтаудың басты мәселесі болып не саналады? Ағартушылар мынандай түсінікке келген: барлық мәселелерге қатысты ақыл-ой-державалық қасиет, олар адам қасиетін анықтайды. Әсіресе рационалды түрде ертедегі Ағарту істері болған. Бұл – ой жүгірту ғасырының пікірі. Дегенмен бірте-бірте қанағаттанбаушылық туындап, мынандай сұрақ пайда болады: «Ой-пікірдің шегі бар ма?». Бұндай жағдайда қажетті мәселелерді «нақтылы білім нені ой-пікірден, интуициядан іздейді, ал алда диалектикалық ой-пікір көрінеді». Ағарту істерінің тағы да бір өзіне тән сипаты – тарихи оптимизм. Оның негіздемесі болып адамның парасаттығы есептеледі. Ал жамандық, ақымақтық іс-әрекеттер болса жойылуы мүмкін. Осыдан прогресс идеясы адамның шексіз жетілудің мүмкіндігі ретінде «адамзат тұқымын» тәрбиелеуде, олардың әлеуметтік жағдайын өзгертуде, адамның өмір сүруінің ең дұрыс жолдарын іздестірудегі мүмкіншілік болып табылады [2]. Прогресс идеясы – дәуірдің ең бір үлкен табысы. Неміс философиясында ағарту істерінің басталуы Христиан Вольфтің (1676-1754) атымен байланысты, ол Лейбниц ілімін бір жүйеге келтірген және оны таратқан.

Вольф Германияда бірінші болып философиялық білімнің негізгі саласының жүйесін құрған. Білімді тарату тез арада барлық өткір проблемаларды шешуге мүмкіндік береді деп ойлаған. Вольфтің өзі антропологиялық сюжеттерге аса көңіл бөлмеген [2]. Вольфтің ағарту философиясының көрнекті өкілі ретінде өзінің бастапқы кезеңінде Иммануил Кант есептелген (1724-1804). Оның проблемасының эволюциясынан адамның жалпы «метофизика» проблемасына өтуді байқауға болады. Адам қажеттілігі туралы фундаменталдық мәселелерді қоюдан бұрын Кант Сведеборгтың қиялына, адам ой-пікірінің әлеміне, адамдардың ұлттық ерекшеліктерін бағалауға бір нақты темаға көңіл бөлетін сияқты. Ерте Канттың эволюциясы Руссоның ықпалына сәйкес жүрген Француз ағартушысының кітаптары арқылы Кант кабинет оқымыстысы көзқарасынан ажырап, оны адам өмірінің көп мәселелері қызықтырған. Канттың осы кезеңге тән жұмысы – «Сүйкімді және көтеріңкі сезімді байқау» (1764). Бұл трактат Канттың тірі кезінде жеті рет қайта басылып, оған сәнді жазушы атағы берілген. Бұл жұмыста адам сезімі екі категория тұрғысынан қаралады: сүйкімділік және көтеріңкі жағдайлар. Кант адамдардың темперамент жағынан ұқсас еместігі туралы кейбір ой-пікірлерді айтады, дегенмен бұл мәселелерді толық зерттеуге ұмтылмайды. Бұл трактатта Кант ұлттық мінез-құлықтың ерекшелігі туралы сөз көтереді. Бұл әлеуметтік психологияның алғашқы қадамының бірі болып есептеледі. Бұл ғылым бүгінгі күні қатаң эмпирикалық негіз қабылданған. Ерте Канттың замандасы – Готхольд Эраим Лессинг (1729-1781), ақын, драматург, әдеби сыншы, философ «Сүйкімділік пен көтеріңкі сезімді бақылау» тезисінің бағдарламалық сипаты бар, біріншіден, ол ойшының өзіне тән. Оның, біздің ойымызша, нағыз шығарма ретіндегі бірнеше идеяларына баға берейік. Біріншіден, олар: адам тұқымының біртұтастығы, оның әр жақты бүтіндігі. Лессингтің екінші жемісті идеясы: адамзат бұндай бірлестікті мойындалған күнде пайда болады дейді. Лессинг адамзат тарихындағы христиан дініне өте үлкен мән беріп, оның моральдық жағын жоғары көтерген. Жалпы сүйіспеншілік туралы ілім, өз еркімен жасалатын жақсылық әрекеттер, философтың пікірі бойынша, христиан дінінің басқа діндерді жеңуіне мүмкіндік берді дейді. Ол мынандай қағиданы атап айтқан – адамның ой-пікірі толық анықтыққа жетіп және жүректің тазалығын қалыптастыру үшін, алдын ала жақсылық жасауды сүюі керек, ой-пікір рухани мәселелерді танып білуге ұмтылуы қажет. Лессингтің ойы бойынша, адамзат бұл сатыда тоқталмайды. Жетілудің жаңа сатысы «Інжілдің мәңгілік жаңа дәуірі» келуімен байланысты дейді. Дәл осы кезеңге парасаттық әр жақты орын алып, адам мінезінің нағыз принципі туындайды. Жаңа өсиет тәрізді тозады. Үшінші әлемдік жағдай бірден пайда болмайды. Ол міндетті түрде алдыңғы сатыларды талап етеді. Лессингтің парасаттықты бірте-бірте туындату пікірі бүгінгі күні өзінің терең мәнін ашып, рухтың жоғарғы сатысына

көтерілуін талап етеді. Әлемді қайта құрудың радикалдық және асығыс жасалған бағдарламасы адамзатқа көптеген нұқсан келтірген. Осы тұрғыда ұлы неміс ойшысының: «Өзіңнің көзге аса түспейтін қадамыңмен жүре бер», – деген ой-пікірі өте таңдандырады [8].

Ерте Кант және лессингтің оқушысы Иоганн Готфрид Гердердің (1744-1803) еңбектері терең гуманистік ой-пікірімен сипатталады. Студент кезінен бастап ол адам философиясы проблемалары ең бір өзекті мәселе болуы керек деген пікірге келеді. Барлық философия антропология болған жағдайда қандай жемісті мүмкіншіліктер ашылады деген ол. Гердердің философиялық гуманизмінің негізі болып адам прогресінің дамуы туралы оқу болған. Бұл оқуды баяндаудың бірінші қадамы болып тағы бір еңбек саналады. Ол – «Адамзатты тәрбиелеу тарихының тағы да бір философиясы» [2]. Бұл еңбегінде Гердер адам тегінің пайда болуы туралы теологиялық көзқараста бола тұрып, қоғамда болып жатқан өзгерістердің заңды сипаты туралы терең ойлар айтады. Гердер бойынша гумандылық – әрбір адам басқа адамнан қорықпай өз қабілетін дамытады. Егер де адамдар бұндай жағдайға жетпеген болса тек өздерін ғана айыптауы қажет: себебі ешкім жоғарыдан көмектеспейді және қол байламайды. Халықтың барлық тарихы – гумандылыққа жетудегі жарыс мектебі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асмолов А.Г. Психология личности. – М.: Изд-во МГУ, 1990. – 367 с.
2. Асмус В.Ф. Иммануил Кант. – М.: Мысль, 1973.
3. Основы философии: учебное пособие для вузов / Рук. автор. колл. и отв. ред. Е.В. Попов. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1997. – 320 с.
4. Роджерс К. К науке о личности // История зарубежной психологии: 30-е - 60-е годы XX века: Тексты / Под ред. П.Я. Гальперина, А.Н. Ждан. – М.: Изд-во МГУ, 1986.
5. Файнберг Р.И. Личность и коллектив: поиск гармонии // Педагогика – 1992. – №1-2.
6. Maslow A. Some basis proposition of growth and self. Actualization psychology// Perceiving, Behaving, Becoming/ Combs A. (ed.). – Washington, 1978.
7. Rodgers, Carl R. Freedom to Learn for the 80s. – Columbus-Toronto-London-Sydney: Ch. Merrill Publishing Company, 1983. – 312 p.
8. Лессинг и современность/ Сб. ст. – М.: Ин-т философии АН СССР, 1981.
9. Хьелл Л., Зиглер Д. Теории личности (Основные положения, исследования и применение). – СПб.: Питер Ком, 1998.

REFERENCES

1. Asmolov A.G., *Psihologiya lichnosti. M. Izd. vo MGU, 1990. 367 (in Russ)*.
2. Asmus V.F., *Immanuel Kant. M. MYSL, 1973 (in Russ)*.
3. Osnovy filosofii. *Uchebnoe posobie dlya vuzov. ruk. avtor. koll. i отв. red. E.V. Popov. M. Gumanit. izd. centr VLADOS, 1997, 320 (in Russ)*.
4. Rodzhers K., *K nauke o lichnosti. Istoriya zarubezhnoj psihologii. 30e, 60e gody XX veka. Teksty. Pod red. P.YA. Galperina, A.N. Zhdan. M. Izd.vo MGU, 1986 (in Russ)*.
5. Fajnberg R.I., *Lichnost i kollektiv. Poisk garmonii. Pedagogika 1992, 1, 2 (in Eng)*.

6. Maslow A., *Some basis proposition of growth and self. Actualization psychology. Perceiving, Behaving, Becoming.* Combs A. Washington, **1978** (in Eng).

7. Roders, Carl R., *Freedom to Learn for the 80s.* Columbus Toronto London Sydney Ch. Merrill Publishing Company, **1983**, 312 (in Eng).

8. *Lessing i sovremennost. Sb. st. M. In. t filosofii AN SSSR*, **1981** (in Eng).

9. Hell L., Zigler D., *Teorii lichnosti. Osnovnye polozhenia, issledovania i primenenie.* SPb. Piter Kom, **1998** (in Russ).

ӘОЖ 37.013

Қ.М. НАҒЫМЖАНОВА, Б.К. КУРМЕТОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТАҢДАУ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Бұл мақалада мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін жетілдірудегі оқыту технологияларын дұрыс таңдау тиімділігі қарастырылады. Бұл технология тек ақпарат беру ғана емес, құбылысты түсіндіру, дәлелдеу және логикалық қорытынды жасауға негізделеді. Оқыту стратегиясы мен технологиясын таңдаудағы кәсіби міндеттердің шешімі оқушының тұлғалық сапасының дамуынан көрініс табады.

Түйін сөздер: оқыту стратегиясы, оқыту технологиясы, инновация, педагогикалық құзыреттілік.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ УЧИТЕЛЯ И ВЫБОР ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

В данной статье рассматривается эффективность выбора технологии обучения для совершенствования профессионально-педагогической компетентности учителя. Эта технология направлена не только для предоставления информации, но и основывается на разъяснении, доказательстве, обосновании и логическом выводе какого-то явления. Решение профессиональных задач в выборе стратегии обучения и технологии, отражаются в развитии личностных качеств у школьника.

Ключевые слова: стратегия обучения, технология обучения, инновация, педагогическая компетенция.

PROFESSIONAL-PEDAGOGICAL COMPETENCE OF THE TEACHERS AND CHOICE OF TECHNOLOGY TRAINING

This article discusses the effectiveness of the choice of technology training for improve professional and pedagogical competence of the teacher. This technology is aimed not only to provide information but also based on clarification, proof, justification and logical conclusion of the phenomenon. The decision of professional problems in the choice of learning strategies and technologies are reflected in the development of personal qualities of the student.

Keywords: training strategy, learning technology, innovation, pedagogical competence.

Педагог тудыратын сыртқы шараларды оқушы өзінің жеке іс-әрекетімен жүзеге асырады. Оқыту іс-әрекетін басқару – оған белгілі дәрежеде талап қою, педагогтің таным белсенділігін арттырып, шығармашылығын дамытатын және инновациялық білім беру және инновациялық білім беру ортасын жасау.

Мұғалімінің инновациялық іс-әрекеті – өз қызметіне жаңа технологияларды енгізуі. Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алауан түрлері бар.

Оқыту технологияларын таңдау үшін педагог педагогикалық үрдіс факторларын ескеру қажет деп көрсетеді Д.В. Чернилевский. Ол факторлар:

– біліктілік сипатына енген кәсіби іскерліктерді меңгертуге арналған оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру мүмкіндіктері;

– педагогикалық үрдістегі оқыту ақпараты функциясы (оқыту, диагностикалық бақылау);

– оқыту ақпаратының мақсаттылық белгісі (танымдық, әрекеттік типте);

– оқушылардың мүмкіншілігі (әдістемелік біліктілік деңгейі, оқыту процесінің әдістемелік техникалық жабдықталуы);

– уақыт мүмкіндігі (ұзақтығы – 45 мин артық, қысқа уақыт көлемі – 45 минуттан кем) [1].

Материалды түсіндіру әдісін таңдау әдістерінің тиімділігі өз кезеңінде, оқыту мақсатына жету мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Оқытудың басты мақсаты – материалдарды түсіндіруде білім мазмұнының объектісі мен әрекеттерін және студенттердің логикалық шығармашылық іскерліктерін дамыту. Бірінші мақсатқа білім мазмұнын түсіндіру – дайын білімді хабарлаудағы тиімді әдістемелерге ақпараттық және проблемалық мазмұндау жатады. Басқа да жағдайларда, егер білім мазмұны нақты әрі толық болса, басқа әдістемелерге қарағанда түсіндіру әдісі жиі қолданылады. Сонымен қатар белгілі мөлшерде логикалық іскерліктерді дамытуға жағдай жасалады, өйткені мазмұнды айқындауда репродуктивті қажеттілік қарастырылған. Бірақ логикалық іскерліктерді белсенді дамытуда және қандай да шығармашылық тәсілді дамытуда дайын білімді хабарлауға жағдай жасалмайды.

Екінші мақсатқа жетуде баяндау әдістемесінің мүмкіншіліктері жоқтың қасы.

Педагогикалық әрекетте неғұрлым жоғары нәтижеге педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жеткен педагогикалық дарынды мұғалімдер жетеді. Заманауи зерттеушілер, ең алдымен, академик И.А. Зязюн мұғалімнің құзыреттілігі деп педагог тұлғасының шығармашылық белсенділігінің педагогикалық әрекетінің жоғары деңгейін түсінген, нақтырақ айтсақ – рефлексивті негізде кәсіби әрекетінің жоғары деңгейінің өзін-өзі ұйымдастыруды қамтамасыз ететін тұлға қасиеттерінің кешені. Бұндай маңызды қасиеттерге

мұғалім тұлғасының педагогикалық бағыттылығы, педагогикалық қабілеттер және педагогикалық техника жатады. Тұлға құрылымындағы педагогикалық құзыреттілік – бұл жүйе құрушы факторы ізгіліктік бағыттылық болып табылатын өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетті жүйе. Кәсіби шеберліктің іргетасы кәсіби құзыреттілік болып табылады (өзін-өзі ұйымдастырушы жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін әрекеттегі жоғары кәсібиліктің негізін құрайтын бағыттылық пен кәсіби білім); педагогикалық қабілеттер өзін-өзі жетілдіру жылдамдығын қамтамасыз етеді; білім мен қабілеттерге сүйенген техника педагогикалық әрекет құрылымын үйлестіре отырып, мұғалімнің ішкі әлеуетін табуға мүмкіндік береді [2].

Заманауи мектептің жұмыс тәжірибесі мұғалім қажетті ақпаратты анық және дұрыс жеткізіп қана қоймай, жаңа, сонылы идеяларды ойлап тауып, жүзеге асыра білуі, мәселелі педагогикалық жағдаяттар мен міндеттерді шешудің дәстүрлі емес түрлерін таба білуі, яғни ойлау креативтігін меңгеруі тиіс. Педагогикалық шығармашылық пен оған болашақ мұғалімдерді дайындау ерекшеліктерін зерттеу мәселесіне В.А. Кан-Калик, Н.В. Кичук, М.П. Лещенко, Л.А. Хомич, С.А. Сысоева және тағы басқалардың зерттеулері арналған. С.А. Сысоеваның [4] зерттеуінде әлеуметтік және моральдық сананың жоғары деңгейі, ойлаудың ізденістік-түрлендіруші стилі, дамыған интеллектуалды логикалық қабілеттер (талдау, түсіндіру, негізгіні көре білу біліктілігі), мәселені көре білу, шығармашылық фантазия, дамыған қиял, ерекше тұлғалық сапалар (балаларға деген сүйіспеншілік, бас пайдасын ойламау, батылдық, кәсіби әрекеттегі тәуекелге дайын болу, мақсатқа бағыттылық, білуге құмарлық, өз бетінділік, табандылық, энтузиазм), ерекше түрткілер (өзінің «Мен-ін» жүзеге асыруға қажеттілік, басқалардың мойындағанын қалау, шығармашылық қызығушылық, шығармашылық үрдіс, өз еңбегіне әуестенушілік, педагогикалық еңбектің нақты жағдайында неғұрлым жоғары нәтижеге жетуге ұмтылыс), коммуникативтік қабілеттер, өзін-өзі реттеуге қабілеттілік, жалпы мәдениеттің жоғары деңгейі сияқты педагогикалық құзыреттілік белгілерін анықтады. Зерттеушінің анықтаған педагогикалық құзыреттілік белгілерін болашақ мұғалімдер мен мұғалім-практиктерді бағалау мен өзіндік бағалау үшін, сонымен қатар осының негізінде өзін-өзі жетілдіру бағдарламасын жасау үшін пайдалануға болады.

Демек, педагогикалық креативтік шығармашылық ізденіске, педагогикалық міндеттерді стандартты емес шешуге қабілеттілікті ұйғарады және ойлау жылдамдығы (өнімдік) мен ойлау икемдігі, сонылық білуге құмарлық, нақтылық пен батылдық сияқты өлшемдермен сипатталады. Ойлау жылдамдығы (өнімділігі) деп бір уақыт бірлігінде пайда болған идеялар санын түсінеді. Қарама-қарсы сапа – өнімнің аздығы. Ойлау икемдігін жылдам және іштей аз күш жұмсап бір идеядан екіншісіне көшу қабілеттілігін; бір контексте алынған ақпаратты екіншісінде

қолдануға болатынын көре білу қабілеттілігі сипаттайды. Бұл – жақсы дамыған көшіру (транспозиция) дағдысы. Икемділік оқып зерттелінетін бір құбылыстан екіншісіне оңай көшу біліктілігін, шешу әдістерінің статистикалығын жеңе білу, дұрыс емес болжамнан өз уақытында бас тарту, интеллектуалдық тәуекел мен парадокстерге дайын болу біліктілігін қамтамасыз етеді. Қарама-қарсы сапа – енжарлық. Сонылық жалпы қабылданғаннан ерекше, парадоксалды, күтпеген шешімдерге келу, идеяларды ойлап тауып, жүзеге асыру қабілеттілігін анықтайды. Ол бірізді логикалық талдау кезіндегі байқалмаған барлық байланыстар мен тәуелділіктерді тұтас көрумен байланысты. Қарама-қарсы сапа – дәстүрлік. Әуестенушілік, таң қалу қабілеттілігі барлық жаңаға ашықтық пен қызығушылық ретінде түсініледі. Қарама-қарсы сапа – немқұрайлық. Батылдық белгісіздік жағдаяттарында шешім қабылдау, өз шығарған қорытындыдан қорықпау және өзінің табысы мен абыройын тәуекелге сала отырып, оларды аяғына дейін жеткізу қабілеттілігін ұйғарады. Қарама-қарсы сапа – пайымдай алушылық.

Сәйкес ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде педагогикалық креативтілікті білдіретін негізгі өлшемдер жасалады.

1 Педагогикалық әрекеттегі шығармашылық тұрғыны жүзеге асыруға қабілеттілік (креативтік): ойлау жылдамдығы (бір уақыт бірлігінде пайда болатын идеялар саны); жылдам және іштей аз күш жұмсап, бір идеядан екіншісіне көшу қабілеттілігі; идеяларды тауып жүзеге асыру, жалпы қабылданғаннан ерекше, парадоксалды, күтпеген шешімдерге келу қабілеттігі (мұғалім үшін – оқыту мен тәрбие әрекетінің жаңа формалары, әдістері, құралдарын іздеу); идеяның сезімталдығын түйсіну; таң қалу қабілеттігі; белгісіздік жағдаяттарында шешім қабылдау, өз шығарған қорытындыдан қорықпау және өзінің табысы мен абыройын тәуекелге сала отырып, аяғына дейін жеткізу қабілеттігі; жаңа сонылы көрнекіліктерді құрауда көрінетін икемді бейнелі ойлауға қабілеттілік; сөздік ойлау икемдігі, ашық бейнелі тіл, оқушыларды өз әңгімесімен баурай білу, жаңаны таңдаудағы таңдай білуі; ойлаудың ізденістік-түрлендіруші стилі; шығармашылық фантазия, дамыған қиял; жағдаятты мәселелік көру; «тыныштықты бұзу» қабілеттілігі; сүйікті әрекетіне терең ену; өнертабыстарға, шығармашылыққа ұмтылыс; жұмбақтар, парадокс, суырып салмалыққа қызығушылық; зейінін жылдам аудару.

2 Шығармашылық педагогикалық тәжірибесін, құзыреттілікті үнемі дамытуға қабілеттілік; кәсіби құзыреттілігін жетілдіру тілегі, жаңа білім алу, педагогикалық әрекеттің сәйкес біліктілігі мен дағдысын дамытқысы келу тілегі; шығармашылық ізденісте жаңа білімді жылдам табу және меңгеру, өз кәсіби ой-өрісін кеңейтуге қабілеттілік; педагогикалық іс-әрекетпен байланысты сұрақтар мен мәселелерді мақсатты ұмтылыспен оқып-білу біліктілігі;

педагогикалық әрекет тәжірибесін байытудан ләззат алу сезімі, сонымен бірге кәсіби құзыреттіліктің ары қарай өсуінің шарты ретінде жетістік деңгейіне шығармашылық көңілі толмауы.

3 Педагогикалық әрекеттің шығармашылық стратегиясын қалыптастыру және жүзеге асыру қабілеттілігі: педагогикалық әрекет тәжірибесін жүйелі байытуға деген табанды қажеттілік; оқыту мен тәрбиелеудің басты мәселелерін шешуде терең, жүйелі білімді өз бетінше қалыптастыру қабілеттілігі; сәйкес бағдарламаның мақсаты мен оны құрудың негізінде шығармашылық педагогикалық әрекеттің икемді стратегиясын жасау біліктілігі; маңызды, күрделі педагогикалық мәселелерді шешу мақсатымен өз тәжірибесін ұтқырлау немесе жылдам қосымша құзыреттілікке ие болу қабілеттілігі; шығармашылық кәсіби тапсырмаларды шешудегі жауапкершілік сезімі.

Мұғалімнің педагогикалық құзыреттілігі оның өн бойында дамиды және оның педагогикалық шеберлік шыңына шығу жолындағы шешуші фактор болып табылады. В.О. Сухомлинский тек шығармашыл мұғалім ғана оқушыда білімге деген құштарлықты оятуға қабілетті екенін ескерткен, сондықтан әрбір педагогке кәсіби құзыреттіліктің басты көрсеткіші болатын креативтікті дамыту қажет. Объективті және субъективті сипаттағы өнім жаңашыл сипатта болса, кез келген әрекет шығармашыл болады. Педагогикада ондай өнім жаңа оқу технологиялары, оқыту мен тәрбиелеудің формалары, әдістері, мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің өсуі болады.

Логикалық және шығармашылық іскерліктерді дамыту дедуктивті өргізу мен эвристикалық ізденіс әдістерін қолданғанда тиімді болады. Бірақ бұл әдіс оқытушылар мен студенттердің көп уақытын алады. Әсіресе, эвристикалық ізденіс арқылы түсіндіру әдісі. Сондықтан да қажетті материалды түсіндіруде басқарылатын эвристикалық ізденіс әдісін шығармашылық ойлауды дамыту мақсатында қолдану керек.

Дедуктивті өргізу көп уақыт алса да, мүмкіндігінше дайын білімді баяндаудан гөрі жалпылау ретінде үнемі қолданылуы қажет. Материалдарды түсіндіру үшін барлық әдістер қолданылуы керек, бірақ әртүрлі жиілікте. Ең бастысы, дедуктивті өргізу, ақпаратты және проблеманы мазмұндау, эвристикалық ізденіс әдістемесі материалдың 15-20% түсіндіруде қолданылады да шығармашылық ойлауды дамытуда маңызды және міндетті рөл атқарады.

Инновация – жаңа, жаңалық, өзгеріс деген ұғымдарды береді. Инновация құрал ретінде және жаңалықты енгізу процесі дегенді білдіреді. Педагогикалық процес – мақсатқа, мазмұнға, оқыту мен тәрбие түрлеріне, оқытушы мен студент іс-әрекетін ұйымдастыруға жаңалық енгізу.

Инновациялық бағдар – оқытушының кәсіби педагогикалық мәдениетін қалыптастыру іс-әрекетін ойлап табу, меңгеру, педагогикалық жаңалықтарды

оқыту практикасында қолдану, инновациялық аймақ тудыру.

Инновациялық бағдардың педагогикалық іс-әрекетте қажеттілігі төмендегідей:

1) әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесінің әдіснамасын оқыту процесін ұйымдастыру технологияларын түбегейлі өзгерту қажеттілігін тудыруда. Инновациялық бағдарлылық білім беру жүйесінің жаңарту құралы болып табылады.

2) білім беруді ізгілендіруді нығайту, білім жүйесіндегі түрлі өзгерістер үнемі жаңаны ұйымдастыру формаларын, оқыту технологияларын қажет етеді;

3) педагогтердің педагогикалық жаңалықтарды меңгеру және қолдану факторының өзіне қарым-қатынастарының өзгеруі.

Оқу-тәрбие процесі мазмұнының қатаң регламентіне тек педагогикалық әрекетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға ғана мүмкіндік береді. Егер, бұрын инновациялық іс-әрекет жоғарыдан ұсынылған жаңалықтарды қолдану болса, қазір таңдау зерттеушілік мүмкіндікке ие.

В.Д. Шадриков іс-әрекеттің функционалды жүйесінің келесі негізгі компоненттерін ұсынады (функционалды блоктар):

- іс-әрекет мотиві;
- іс-әрекет мақсаты;
- іс-әрекет бағдарламасы;
- іс-әрекеттің ақпараттық негізі;
- шешім қабылдау;
- тұлғаның маңызды іс-әрекеттерін қозғаушы жүйе [5].

Оқыту процесінде бұл блоктарды меңгеру арқылы кәсіби іс-әрекетінде пайдаланылады. Аталмыш іс-әрекет блоктары жан-жақты. Олар педагогтің оқытушылық іс-әрекетінің пәндік мазмұнын игереді.

Педагог іс-әрекетінің құрылымын іс-әрекеттің психикалық кезеңдеріне байланысты талдауға болады: болжау, шешім қабылдау, орындау, бағалау және бақылау. Оқыту процесінде педагогке басты назарды іс-әрекеттің рефлексивті кезеңінде жоспарланған және шығарылған әрекеттерді талдау, коррекция мен өзіндік бақылау, өз әрекетін нәтижеге байланысты бағалау керек. Осы процесс оқу-педагогикалық жүйені қадағалауға мүмкіндік тудырады.

Педагог іс-әрекеті кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық – іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең – іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін, қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы – педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтің интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтің кәсіби міндеттерін эвристикалық жолмен

шеше алуы, оқыту технологияларын қаншалықты меңгергендігіне байланысты айқындалады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог компетенттілігінен шешіледі.

Кәсіби іс-әрекет құрылымы өзгеріссіз қалып, мазмұндық жаңаруға түседі. Оқытылатын пән ерекшелігі оқу ақпараты құрамына, әрекетіне, ал таным ғылыми-зерттеу әдістеріне әсер етеді.

Оқыту технологиялары өзара бір-бірімен тығыз байланыста болуы, жүйелі мақсатқа жетуді көздеуі керек. Әр технологияның өзінің ерекшелігі бар. Егер проблемалық технологиялардың міндеттері мен диалогтық формалары, эвристикалық тәсілдер, ал ақпараттық технологияларда танымдық логикалық тәсілдер басты орын алады. Ал түсіндірмелі көрнекілік технологиялар оқыту технологиясы болып табылады. Оның негізгі сипаты – оқушыларға ғылыми факторлар мен заңдылықтарды үйрету.

Оқушылар білім алуда өзінің тұлғалық мәнділігін бейімделуден өтудің терең ғылыми мазмұнын меңгереді.

Педагог жұмысы тұтас психологияны жүзеге асырумен ғана емес, оқытудың технологиялық әдістері мен тәсілдерін меңгеруден де тұрады. Мысалы, лекция, әңгіме, түсіндірудің ортақ белгілері – ақпаратты жеткізудің монологиялық құрылысын ақпараттық хабарлау болғанымен, оқу материалын ақпарат құрылымында, логикалық мазмұндаудың да, проблема қою мен оны шеше білуді де, ақпараттың логикалық блоктарын монтаждауда эвристикалық процедуралар жасау.

Сонымен қатар ақпараттық хабарлау лексикалық және риторикалық тұрғыда тура және кері байланыста құрылады.

Технологияларды педагогикалық монтаждау келесі критерийлер негізінде құрылады:

– ақпараттық логикалық құрылымы (ақпараттық технологиялар, міндеттер, проблемалар және т.б.);

– ақпарат көлемі және оқытудың дидактикалық бірліктерінің ақпараттық көлемі;

– таным процесінің өнімді деңгейі;

– оқыту белсенділігі;

– білім беру және дамытушылық тиімділігі;

– технология бейімділігі;

– оқушылар мен жұмысы істеудегі синхрония;

– оқушыларға ақыл-ой және дене-күшіне жүктемені өлшеу.

Сонымен, қорыта келе, кез келген технология кез келген педагогтің қолданылуында тиімді нәтижеге жеткізе бермейді. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметінде жеке шығармашылық концепцияның қалыптасуын, жеке бастың педагогикалық құндылықтар мен технологияларды меңгеруін, педагогикалық жаңалықтарды іске асыру процесін өздігінен ұйымдастыру,

жаңалықтарды енгізуде мұғалімнің өзіндік жеке стилінің болуы, инновациялық ортаның қалыптасуы, инновациялық типтегі мектептерде өтілетін эксперименттерге қатыстыру, жоғары оқу орындарында жаңа технологияларды қолдану жолдарын меңгертуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Левина М.М. Технологии профессионального педагогического образования: учеб. пособие для студ. пед. учеб. заведения / М.М. Левина. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 272 с.
2. Шадриков В.Д. Проблемы системогенеза профессиональной деятельности / В.Д. Шадриков. – М., 1982. – С. 31.
3. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы / С.И. Архангельский. – М., 1980.
4. Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал / Л.М. Митина. – М., 1994. – С. 98-99.
5. Янушкевич Ф. Технологии обучения в системе высшего образования / Ф. Янушкевич. – М., 1984.

REFERENCES

1. Levina M.M., *Tehnologii professionalnogo pedagogicheskogo obrazovaniya, ucheb. posobie dlya stud. ped. ucheb. zavedenii. M., Izdatelskij centr Akademiya, 2001, 272 (in Russ).*
2. Shadrikov V.D., *Problemy sistemogeneza professionalnoj deyatelnosti . M., 1982 (in Russ).*
3. Arhangelskij S.I., *Uchebnyj process v vysshej shkole, ego zakonomernye osnovy i metody. M., 1980 (in Russ).*
4. Mitina L.M., *Uchitel kak lichnost i professional. M., 1994 (in Russ).*
5. Yanushkevich F., *Tehnologii obucheniya v sisteme vysshego obrazovaniya. M., 1984 (in Russ).*

ӘОЖ 159.922.8

Н.Н. НҰРМҰХАМБЕТОВА, К.Ш. КОККОЗЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚЫЛЫСТЫҚ МОТИВАЦИЯСЫ

Мақалада кәмелетке толмаған жасөспірімдерге психологиялық анықтама берілген. Оларды қылмысқа итермелейтін факторлар көрсетілген. Жасөспірімдердің қылмыстық әрекетінің алдын алу шаралары айтылған.

Түйін сөздер: кәмелетке толмаған жасөспірім, қылмыс, мотив, алдын алу, құқық бұзушылық, құқық.

КРИМИНАЛЬНАЯ МОТИВАЦИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

В данной статье дается определение понятию «несовершеннолетний». Описаны факторы, которые подталкивают подростков к совершению преступлений. Предлагаются различные меры их предотвращения.

Ключевые слова: несовершеннолетние, преступление, мотив, закон, правонарушения, профилактика.

CRIMINAL MOTIVATION MINORS

This article defines the concept of «minor». The factors that push them to the crime. Various measures of forestalling teen criminal attempt.

Keywords: minors, the crime, the motive, the law, criminal acts, prevention.

Балалық шақтан өткен, бірақ ересектікке әлі жетпеген 11-15 жас аралығындағы балаларды психологияда жеткіншек жас кезеңіндегілер деп атайды. Бұл жас кезеңі «өтпелі кезең», «қиын жас», «дағдарыс кезеңі» т.б. көптеген қосымша белгілерге бай. Оның барлығы осы жас кезеңінде жүретін психофизиологиялық процестермен байланысты. Бұл жас аралығында бала ағзасы дамудың бір сатысынан екінші сатысына өтіп, ал әлеуметтік статусы бойынша олар әлі балалық шақта жүрген кезең деп есептеледі. Психологияда мұндай құбылыс даму дағдарысы деп аталады.

Жасөсірімдердің ерекшелігі – олардың физиологиялық, дене құрылысының, күшінің, жыныстық белгілерінің қатты дамып өзгеруінде. Өздерін ересектер санатында ұстап, ересектерден соны талап етеді. Жасөсірімдердің ересектер жолына түсуі – өте күрделі карама-қайшылықта өтетін жағдай. Жасөсірімдермен жүргізілетін психологиялық жұмыстардың маңызы күннен-күнге айқындалуда [1].

Жасөсірімдік кезеңде балалардың өзіндік санасының қалыптасуы, өзіне-өзін дәлелдеу, сыртқы келбетін, ақыл-ой, моральдық, ерік сапаларын бағалауы жүзеге асады. Өзін идеалмен байланыстыруы, өзін-өзі тәрбиелеу, бағалауы жүзеге асады. Жасөсірімдердік психикалық жағдайын диагностикалау мәселесі – қазіргі кезеңде психологиялық қызметінің негізгі бағыты. Диагностикалық жұмыс – баланың психикалық қызметі мен күйін ғылыми дәлелді тәсілдер арқылы сандық сипатта бағалайтын және нақты сапалық тұрғыдан туындайтын, адам психикасының көрінісі ізденіс аумағы.

Ең алғаш осы мәселе бойынша зерттеу жүргізген П.П. Бельский болды, ол өз мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке жасы толмаған балаларды қарастырады. П.П. Бельский өзінің 30 жыл уақытын заң бұзушы балалар мен жасөсірімдердің ішкі әлемін зерттеуге арнады. Бірақ та оның теориялық позициясы жеткіліксіз болды. Ол Л.И. Петражицкийдің теориясына сүйеніп, З. Фрейд пен К. Левиннен бірталай мағлұматтар алды [5].

Жеткіншектер ортасындағы агрессивті беталыстың өсуі – біздің

қоғамымыздың соңғы жылдары көбейіп кеткен жастар арасындағы қылмыстық істер, әсіресе жеткіншектер қылмысы ең күрделі де қиын әлеуметтік мәселеге айналды. Сонымен қатар денеге зиян келтіретін тұлғаға бағытталған қылмыстық әрекеттер санының көбеюі деректері де бізді алаңдатууда. Сондай-ақ жеткіншек арасындағы жауыздық сипатқа ие топтық төбелестер жиіледі. Психологтер кәсіби қызығушылығы кәмілетке толмаған тұлғаның өзгеру деңгейіне және оның мінез-құлық ерекшеліктерінің сипаттау мәселесіне тұрақтанған.

А.В. Филонов қайырымсыздықтың генезисін зерттей келе, мынандай қорытынды шығарды: яғни жасөспірімдердің қайырымсыздық әрекеті көп жағдайларда 11-16 жас аралығында тым қатты байқалады. Психологтердің ойынша бұндай қайырымсыздықтың, мейірімсіздіктің көрінуі көп жағдайда баланың ересектермен өзара қарым-қатынасындағы қайырымсыздықтан, әсіресе ата анасымен қарым-қатынасында туындайды. Тұлғаның балалық шақта дұрыс дамымауына көптеген ғалымдар көңіл бөлген. Әсіресе, Б. Холыст, Н.Ф. Кузнецова. Кузнецованың айтуы бойынша, ерте балалық шақтағы қарым-қатынас патологиясы аяғында бұзақылықты және күштеу мотивациясын ескертуі мүмкін.

Қылмысқа барған жасөспірімнің мотивационді-қажеттілік сферасында терең қозғалыстар байқалады, олардың әрекеттері төменгі импульсивті нұсқаулық деңгейде жүреді. Мұндай әрекеттің мотивациясы жасырын болып, «мотивсіз» қылмыс деген жалған көрініс береді. Ал олардың қажеттіліктері бір жақтылығы мен шектеушілікпен, әлеуметтік жағымды қажеттілік түрлерінің дамымай қалғандығымен, төменгі деңгейдегі қажеттіліктердің гипертрофиялық болуымен ерекшеленеді.

Жалпы интеллектуалды дамудың жеткіліксіздігі, алдын ала бейнелеудің қалыптаспағандығы, өзіндік рефлексияның төмен болуы – қылмыскер жасөспірімдердің негізгі айрықша ерекшелігі. Қылмыс жасаған жасөспірімнің жүріс-тұрыс механизмдерін түсіну үшін «тұлғаның типі» деген ұғымды да қарастыру керек. Тұлғалық тип дегеніміз – бағыттылық, жүріс-тұрыстың жалпы әдістерімен сипатталынатын құндылық бағдар [2].

Жасөспірімдердің арасында қылмыстың көптеп таралуы зерттеушілердің көңілін алаңдатып отыр. Бұл қылмыстың таралуының себептерін анықтау мақсатында арнайы зерттеу жұмысын жүргізуге итермеледі. Негізгі себептерін үлкен үш топқа бөлуге болады:

– *социологиялық фактор*: қоғам және мәдениет құрылымдарына байланысты;

– *психологиялық фактор бойынша*: белгілі адамның мінезінің ерекшелігімен қарым-қатынас ерекшелігіне байланысты;

– *физикалық және органикалық элементтерінің әсерінен биологиялық*

фактор.

Социологиялық-әлеуметтік фактордың ішінде, зерттеу нәтижесінде, келесі себептер көп кездескен:

- төменгі экономикалық-қоғамдық статус;
- мәдениеттегі зорлық және бұқаралық ақпарат құралдары;
- алкоголь және наркотикалық заттар;
- құрдастарының әсері;
- отбасындағы психологиялық және атмосфералық жағдай.

А.Е. Личконың айтуы бойынша, әрбір құқық бұзушының мотивтері де әртүрлі болып келеді. Мысалы, гипертимді жасөспірімдердің ұрлыққа түсуі өзінің жолдастарына өзінің мықтылығын көрсету, дәлелдеу болып табылады.

Көбінесе жасөспірімдердің қылмысты істеуі топ қылмысының арқасында жүзеге асады, яғни жолдастарын қолдаудан соқыр талпыныс сияқты мотивпен топ ішінде «авторитетке» иемдену. Криминогенді топтың тұрақтылығы белгілі жасөспірімдердің қылмысты істеуімен қамтамасыз етіледі. Жасөспірімдердің қылмыстық мінезінің негізінде көптеген мотивтер жатыр, олардың ішінде бірінші орында өзін таныту мотиві және топтың ішіндегі бірінші орынға талпыну және т.б. Криминогенді топ спецификалық психологиялық механизмдер арқылы өздерінің мүшелеріне жан-жақты әсерін тигізеді:

1 Криминогенді топ қылмыстық әрекеттің негізінде жатқан бағдарлардың және көзқарастардың қалыптасуының базасы болып табылады. Психологиялық механизммен топ өзінің мүшесіне қылық көрсетсе, ол конформизм деп аталады. Бұндай топтардың қаншалықты антиәлеуметтік бағыты көрінетін болса, онда конформизм соншалықты қатты болып келеді.

2 Криминогенді топпен жасөспірімдердің идентификациясы қылмысты орындаудағы кедергілерге деген ішкі мотивтерінің әлсізденуіне әкеп соғады. Бұл құбылыстың негізінде психологиялық қорғаныс механизмдері жатыр. Әсіресе сынның негізінде орындалған және орындалатын қылмыстық істің жауапкершілігінен іштей босатылады.

3 Криминогенді топ өзінің мүшелеріне қылмыстық әрекеттің психологиялық механизміне конформизм сияқты еліктеу қосылады. Жасөспірімдердің еліктеу әрекеті олардың жас ерекшеліктерімен анықталады.

Көптеген зерттеулердің нәтижесі бойынша криминогенді топтың бір мүшесі қалғандардың көзінше қылмысты орындайды. Содан кейін құрбы-құрдастарымен әңгіме барысында қылмыстық әретіне мақтанып, олардан қолдау алады. Жасөспірімдер істеген күштеу, золау қылмыстарына: бұзақылық, өлтірушілік, денеге ауыр зардаптар түсіру, зорлау жатады. 1995 жылдың аяғында жасөспірімдердің қылмыстық құрылымы: қастықпен әдейі өлтіруі – 0,6%, ауыр дене зардаптары – 0,9%, зорлау – 0,8%, бұзақылық – 7,5% құраған [3].

Сонымен, көріп отырғанымыздай, жасөспірімдердің қылмыстық ісі көбінесе бұзақылық әрекетінде жиі байқалады. Сондықтан да ауыр дене зардаптары және өлтірулер негізінде *бұзақылық мотивтері* жатыр. Криминологиялық зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, қылмыстық істің негізінде жасөспірімдердің өзін таныту қажеттілігі басым болып келеді. Өзін таныту қажеттілігі әрбір адамған тән, бірақ бұл жасөспірімдік кезеңде анық көрінеді. Жасөспірімдердің күштеу мотивациясы жоғары эмоциялық және ситуативтілікпен сипатталады. Жеткіншектердің күштеу әрекет-қылығы қайырымсыздықпен байланысты болып келеді.

Қылмысқа барған жасөспірімдердің тұлғалық типологиясында негізгі үш нәрсені қарастыру керек:

- қылмыскер жасөспірімнің жалпы түрі;
- белгілі категорияның қылмыскер тұлғасы;
- белгілі түрдің қылмыскер тұлғасы.

Бұл градациялар бір-бірімен жалпы, ерекше, біркелкі деп сәйкестенеді. Тұлғаның элеуметтік негізі болып оның бағыты, өмірлік қатынастардың жүйелері, мотивациялық-құндылық бағдары болса, онда осы негіз қылмыскер жасөспірімнің типін анықтауы керек. Қылмыскер жасөспірімнің типтік критерийі, яғни ассоциалды, антиэлеуметтік деформация мөлшері, өзіндік психологиялық реттеу кемшілігі оның қоғамдық қауіпсіздік дәрежесі болып табылады.

Осы критерий бойынша қылмыскер жасөспірімнің үш түрін бөліп шығаруға болады:

- антиэлеуметтік жасөспірім;
- ассоциалды жасөспірім;
- психологиялық өзіндік реттеудің кемшілігімен сипатталынатын қылмыскер жасөспірім [4].

Жалпы әрекет қылмыс жасаған адамның субъективті жақтарын толық ашпайды. Заңды белгі бойынша ұсақ әрекеттер әртүрлі психологиялық факторлармен негізделеді. Қылмыскер жасөспірімнің криминалды-психологиялық классификациясының *негізінде басыңқы позициялар: итермелеуші күші, мотивтері, қалыпты мақсаттары, қылмыс жасаудың амалдары, тұлғаның десоциализация өлшемі, антиэлеуметтік бағдардың сипаты жатыр.*

Жасөспірім қылмысының сипаты келесі белгілер жиынтығымен анықталынады:

- қылмыстың түрімен – объект, қылмыстық салдардың ауырлық сипаттылығымен;
- айыптау формасы, қылмыстың мақсаты мен мотиві;
- қылмыс жасаудың амалы немесе әдісі;
- қылмыс жасаудың жағдайымен;

- жұмсарту жағдайының бар болуы;
- қылмысқа жасөспірімнің қатынасы, жасалынған қылмыстан кейінгі жүріс-тұрысы.

Жасөспірімдердің жағымсыз жат әрекеттерімен күресудің бірден-бір жолы ретінде, жастармен *профилактикалық алдын алу жұмысын жүргізудің мақсаты* табысты әлеуметтенуге жағдай жасау мен адамдарда қабілеттілік, жауапкершілікті қасиеттерін қалыптастыру процесіне көмек ету болып табылады.

Профилактика – жасөспірімдерді тәрбиелеудің жалпы процесінің құрама бөлігі, қылмыспен күрестегі басты бағыт, «өз ішіне медициналық педагогикалық аспектіні алатын басты әлеуметтік мәселе». Құқық бұзу профилактикасы, қылмыс туралы алдын ала ескерту немесе басқа да ассоциалды құбылыстар жайлы ескерту мақсатында қоғамға қарсы өмір салтын жүргізіп жатқан жеке адамдарға жүйелі түрде іске асатын, мақсатты бағытталған әсерді болжайды.

Бүгінгі таңда елімізде 17000-нан астам жасөспірім қылмыстық есепте тұр. Аз көрсеткіш емес. Дегенмен тәртіп сақшылары: «Жеткіншектер арасындағы қылмыс көрсеткіші жыл өткен сайын азайып келеді», – деп «алақайлауда». Мамандардың алға тартқан статистикасына көз жүгіртер болсақ, 2004 жылы 6500-дей жасөспірім қылмыстық жауапкершілікке тартылса, былтырғы көрсеткіш 4,5 мыңнан аспапты. Мамандар: «Білім басқармалары мен Ішкі істер министрлігінің, қоғамдық ұйымдар мен қоғамдық институттардың бірлесе отырып жасөспірімдер қылмысының алдын алу мақсатындағы атқарған іс-шараларының арқасында жыл сайынғы жасөспірімдердің қылмыс жасау деңгейін 6,7%-ға төмен түсіру мүмкін болып отыр», – дейді.

Келеңсіз жағдайлардың ата-ананың баласына жеткілікті көңіл бөлмеуі және отбасындағы белгілі бір проблемалық мәселенің оң шешімін таппауы салдарынан үйдегі моральдық-психологиялық тұрғыдағы кері ахуалдың қалыптасуынан болып отырғандығы болуы мүмкін. Ата-анасының тікелей қамқорлығы мен сүйіспеншілігін сезінбей өскен балада қоршаған орта мен ұжымға деген қалыптаспаған, дұрыс бағытталмаған кері негативті көзқарастың қалыптасатыны және де бала тарапынан берілген кез келген сұраныстың қандай мақсатта жұмасалатыны сұралмай қанағаттандырылуы жасөспірім бойындағы жалқаулықтың, өмірлік құндылықтарды бағалай білмейтін өзімшілдіктің қалыптасуына әкеліп соғып, ұстаз бен оқушы арасындағы кикілжіңнің білім мекемелері мен уәкілетті органдар арасындағы түсініспеушіліктің туындауына әкеліп соқтырады.

Жасөспірімді *қоғам жағынан қадағалау* қажет. Отбасы жасөспірімдік қылмыстың алдын алуға мүмкіндік беретінін естен шығармау қажет. Себебі, көбінде жанұя қоғамдық қадағалауды жүзеге асырады. Қадағалаудың екі түрі

бар. Біріншісі – *тікелей қадағалау*, бұл сыртқы болып табылады, оған шектеулер және жазалаулар жатады. Ата-аналары баланың уақытында сабақтан келуін, жолдастарымен қарым-қатынасқа түсетін кіші топтарды қадағалап, тексеруі жатады. Сонымен қоса уақытында баланы жазалап, көмектеседі. Екінші түрі – *көмекші қадағалау*, бұл – сыйластық және махаббат. Жасөспірім ата-анасына және басқа да адамдарға осы сезімдерді сезінеді. Олардың тәрбиесі мен іс-әрекетін махаббат басқарады. Ата-анасына және басқа адамдарға махаббат, сыйластықпен қараған бала көп жағдайда қылмысқа бармайды. Себебі, жасөспірімдерге үміт артып, сенетін адамдарды ренжітіп, көңілін қалдырғысы келмейді.

Жоғарыда аталған мәселелерге көңіл бөле отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен әлемнің жетекші елдерінің тәжірибелерін негізге ала отырып, балаларға қарым-қатынас қоғамның әлеуметтік жетілуінің көрсеткіші болып табылады деп айтуға болады.

Бүгінгі таңда әрбір жас адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін, адамға берілген мүмкіндіктерді толық пайдалана алу үшін әрбір адамның психикалық даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Осыған орай мектептегі мінез-құлқында қиындығы бар оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Үлкендер балалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайтындықтан, ата-аналардың тәжірибесінің жетіспеуінен балада елестетудің, қиялдау процестерінің жеткіліксіз дамуынан мінез-құлқының қалыптасуында қиындықтар пайда болады.

Адам бойындағы таза қасиеттердің пайда болып қалыптасуына отбасылық ықпалдық алар орны ерекше екендігі ежелден мәлім қағида. Отбасының рухани тірегі – ата-ана. Өкінішке орай, кейбір реттерде мектептегі тың жаңалықтар мен бағдарламаларды еркін меңгеріп, өмірдің барлық кедергілерінен сүрінбей өтуге бейімділігі бар оқушыларға рухани және материалдық қолдау көрсету ой-өрісі, шамалары жетпейтін ата-аналар да кездесіп қалары сөзсіз.

Мектепке балалар көбінесе отбасынан мінез-құлқы қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу-тәрбие ісі оларға ата-анасы берген қабілеттерін шындау үшін бағытталады. Міне, осы орайда оқушылардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз мінез-әдеттерді жою талабы психологиялық, педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділіктеріне байланысты. Ұстаз мамандардың балалармен тиімді қарым-қатынаста болуы, әсіресе мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларға ерекше көңіл бөлуі қажет деп ойлаймыз.

Осы жағдайлардың бәрін ескере отырып, тәрбиеленуі қиын балалардың әрқайсысына әртүрлі қатынас жасау, оларды жеке-жеке бақылап, әрқайсысына арнап жасалған жүйелі тәрбие жұмысын жүргізу қажет. Тәрбиесі «қиын» жеткіншектерді тәрбиелеу – білгірлігі мол факторлы құбылыс, оны іс жүзіне асыруда ата-анаға көмектесу, психологиялық жағынан бақылау педагогтер мен психологтерге, заң қызметкерлеріне жүктеледі.

Кәмелетке толмағандармен және әлеуметтік-педагогикалық процеске

қатысушылармен жаңа материалдық-техникалық база негізіндегі әлеуметтік серіктестік пен құқық бұзушылықтың алдын алу тиімділігін жетілдіру жөнінде іс-шаралар кешені өткізілетін болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметжанова Н. «Қиын» балалар қылығының қыры / Н. Ахметжанова // Ұлағат. – 2000. – №2. – Б. 10-15.
2. Иляшева Р.Г. Алкоголизм родителей и здоровье детей / Р.Г. Иляшева. – Алматы, 1987. – Б. 39-42.
3. Парманқұлова Ш. «Қиын бала» және отбасы тәрбиесі / Ш. Парманқұлова // 2006. – №20 мамыр. – Б. 6-10.

REFERENCES

1. Ahmetzhanova N., *Kiyn balalar kiliginyn kiry, Ulagat, 2000, 2, 10, 15 (in Kaz)*.
2. Piyasheva R.G., *Alcogolizm roditelei i zdorov'e detei. Almaty, 1987, 39, 42 (in Russ)*.
3. Parmankulova Sh., *Kiyn bala jane otbasy tarbiesi, 2006, 20 мамыр. 6, 10 (in Kaz)*.

ӘОЖ 316.6 (574)

А.С. СЕРИКБЕКОВА, К.Ш. КОККОЗЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ҚАРТ АДАМДАРҒА ҮЙДЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Мақалада қарт адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің қазақстандық және шетелдік тәжірибесі қарастырылып, қызмет көрсету ерекшеліктері салыстырылған. Қарт адамдардың өмір қызметінің шектелуі ең өткір мәселе болып табылады. Мақалада баяндалған қарт адамдарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің шетелдік тәжірибесі қазақстандық тәжірибені сапалы етуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қарттық, әлеуметтік қызмет, әлеуметтік қамсыздандыру, шетелдік тәжірибе, психологиялық қажеттіліктер.

КАЗАХСТАНСКАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ПРАКТИКА СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ НА ДОМУ ПОЖИЛЫМ ЛЮДЯМ

В статье рассматривается казахстанская и зарубежная практика социальной помощи на дому пожилым людям и сравнены особенности оказания услуг. Ограничение жизненной функции пожилых является острой проблемой. Изложенная в статье зарубежная практика социальной помощи на дому пожилым людям даст возможность улучшить качество казахстанской практики.

Ключевые слова: старость, социальные услуги, социальное обеспечение, зарубежная практика, психологические потребности.

KAZAKHSTAN AND FOREIGN PRACTICE OF SOCIAL ASSISTANCE
AT HOME ELDERLY

The article deals with Kazakhstan and foreign practice of social care home for older people and compared features of the provision of services. Limitation of vital functions of the elderly is a serious problem. Foreign practice of social care home for older people in article will improve the quality of practice of Kazakhstan.

Keywords: old age, social services, social security, foreign practice, psychological needs.

Жалпы қазақ – табиғатынан үлкенді қадір тұтып, құрметтеген халық. Сондықтан да қазақ қоғамында қарияларға деген қамқорлық қашан да ерекше болған. Бүгінде елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді. Әрбір азаматтың қартайған кезіндегі өмірін лайықты ету – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі.

Қарт адамдардың өмір қызметінің шектелуі ең өткір мәселе болып табылады. Өмір қызметінің шектелуі барысында адамда өзіне қызмет көрсету мүмкіндігінің, қимыл-қозғалысының, қарым-қатынасының, өз мінез-құлқына бақылау жасауының, сондай-ақ еңбек қызметімен айналысу мүмкіндігінің болмайтындығы байқалады.

Қарт адамның орны мен рөліне, қарттарға қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының концептуалды көзқарастары қағидаларында көрсетілген. Бұл принцип 1991 жылы Бас Ассамблеямен қабылданған. Осы принциптер бойынша қарт азаматтарды:

– азық-түлікпен, үймен, киіммен және медициналық қызметпен; өздеріне қатысты саясатқа қатысу мүмкіндігін және өз қозғалыстар мен ассоциацияларын құру;

– отбасы және қоғам жағынан күтім және қорғау, өзінің физиологиялық, психологиялық және эмоционалдық күйін сақтауға медициналық қызмет көрсету; әлеуметтік және құқықтық көмек алу мүмкіндігін; бүкіл әлеуметтік мекемелерде адамдар құқықтарын және негізгі бостандықтарын қолдануға мүмкіндік;

– өзінің потенциалын жан-жақты орындауға, яғни білім, мәдениет, рухани өмір және демалыс сияқты қоғамдық құндылықтарды орындау мүмкіндігі;

– жеткілікті және қауіпсіз өмір тұрпатын өткізуге, яғни ешқандай да эксплуатацияға, физиологиялық және психологиялық зорлыққа ұшырамау, сонымен қатар жасына, жынысына, нәсіліне, мүгедектігіне және басқа да статустарына қарамастан, әділетті қатынасқа мүмкіндігін қамтамасыз етуді қарастырған.

Қарттық шақтағы адамдар әлемдік бірлестіктерде позитивті фактор ретін-

де қарастырады. Егер қарт адамдар өздерін қорғауда белсенді және пайдалы рөл ойнаса, кіші ұрпақ өздерін келешекте не күтіп тұрғанын көре алады.

Қазақстан Республикасында қарттарға күтім жасаудың негізгі 2 үлгісі бар: үйде және әлеуметтік мекемелерде көмек көрсету [1].

Қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің басты мақсаттары – қызмет алушыға әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуде қажетті жағдай жасау.

Заңнама бойынша асырап-бағуға және қамқорлығына алуға міндетті жақын кәмелетке толған еңбекке қабілетті туған-туысқандары жоқ, сондай-ақ объективті себептермен тұрақты көмек пен күтімді қамтамасыз ете алмайтын (жасы келуіне, бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі, онкологиялық, психикалық ауру болуына, бас бостандығынан айыру орындарында жатуына, елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне немесе басқа елді мекенде тұруына байланысты) жақын туған-туысқандары бар адамдар үйде қызмет көрсетуге қабылданады [2].

Әлеуметтік қызметкерлердің штат санының нормативтері ҚР СТ 1457-2005 анықталған, қалалық жерлерде 1 әлеуметтік жұмыскерге 8-10 қарт адам бекітілсе, ауылдық жерлерде 4-6 адамнан келеді [3].

Үйде әлеуметтік қызмет көрсету отбасында жалғыз қалған, еңбекке жарамсыз қарт азаматтардың мұқтаждығын, көмектің түрлерін айқындау мақсатында тексеріс жүргізеді және көрсетілген қызмет түрлерін анықтап, шарт жасайды. Бөгде адамдардың көмегіне мұқтаж қарттарды денсаулық сақтау мекемелерімен бірге анықтайды. Жалғыз басты қарт адамдарға медициналық, сауда-саттық, коммуналдық, шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінен қажетті медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық көмек түрлерін ұйымдастырады. Үнемі әлеуметтік қызмет сапасын анықтап және олардан қызмет алушы отбасында жалғыз басты қарт азаматтарға көрсетілген сұраныстарының сәйкестігін бақылайды.

Қазақстанда қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметінің мынандай негізгі түрлері бар:

Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер:

– денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде төсектен тұру, төсекке жату, киіну және шешіну, жуыну, тамақ ішу, сусын ішу, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалану, қозғалып жүру, тісін немесе жағын күту, көзілдірікті немесе есту аппаратын қолдану, тырнағын алу, ер кісілерге сақал-мұртын алу сияқты күнделікті рәсімдерді орындауға қабілетсіз қызмет алушыларға жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

– қызмет алушылардың отбасы мүшелеріне жеке қызмет көрсетушінің және гигиеналық-санитарлық сипаттағы практикалық дағдыларды үйрету;

- хат жазу және оқуға жәрдемдесу;
- азық-түлікті үйге жеткізіп беру;
- тағам әзірлеп беру немесе әзірлеуге көмектесу;
- алғашқы қажеттіліктегі өндірістік тауарларды сатып алу және үйге жеткізіп беру;

- коммуналдық қызметтерді, өзге де ақшалай төлемдерді төлеуге жәрдемдесу;

- діни жораларды ұйымдастыру (қайтыс болған қарттардың жерлеу рәсімі қайтыс болған қызмет алушының діни нанымын ескере отырып жүзеге асырылады);

- үй жинау және т.б.

Әлеуметтік-медициналық қызметтер:

- медико-әлеуметтік сараптамадан өтуге көмектесу;

- қызмет алушылар ауруханаға түскен жағдайда оларға барып тұру;

- денсаулық жағдайын бақылау (дене температурасын, артериялық қысымды және тағы басқасын өлшеу);

- қарттарды дәрігерлер тағайындаған емдік заттармен қамтамасыз ету;

- тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға жәрдемдесу;

- қызмет алушыларға техникалық қосалқы (орнын толтырушы) құралдарды және міндетті гигиеналық құралдарды пайдалануды үйрету;

- емдік-физикалық жаттығулар жасауға көмек көрсету.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтер:

- психологиялық көмек көрсету, яғни әңгімелесу, қарым-қатынас, тыңдау, жігерлендіру, белсенділікке мотивациялау, қызмет алушылардың өмірлік тонустарын психологиялық сүйемелдеу;

- психологиялық диагностика және жеке тұлғаны тексеру;

- әлеуметтік-психологиялық патронаж (жүйелі бақылау);

- жайлы психологиялық климат қалыптастыру.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер:

- кітаптар, журналдар, газеттермен қамсыздандыру;

- тұрмыстық бағдарлану негіздеріне үйрету көрнекі және тиімді болып табылады, оның нәтижесінде қызмет алушылар тамақ пісіру, киім жөндеу, тұрғын жайды күту, аумақты жинау және жабдықтау сияқты тұрмыстық рәсімдерді толық көлемде игереді.

Әлеуметтік-экономикалық қызметтер:

- ҚР заңнамасына сай қызмет алушылардың өздеріне тиесілі жеңілдіктер, жәрдемақы, өтемақы, алименттер және тағы да басқа төлемдерді алуларына жағдай жасау.

Әлеуметтік-құқықтық қызметтер:

– құжаттарды рәсімдеуге көмектесу;
– зейнетақымен қамсыздандырумен байланысты сұрақтарды шешуге қол ұшын беру;

– стационарлық мекемелерге бағыттау.

Әлеуметтік-мәдени қызметтер:

– мерекелер мен тынығу іс-шараларын ұйымдастыру;
– клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
– қызмет алушыларды тынығу іс-шараларына, мәдени іс-шараларға (экскурсиялар ұйымдастыру, театр, көрме, концерттерге бару) қатысуға тарту жатады.

Тізбеден көрініп отырғандай, әлеуметтік жұмыскерлер бастапқы, физиологиялық сипаттағы өмірлік қажеттіліктерді қанағатандыруға қызмет көрсетеді, психоәлеуметтік қызмет көрсетулерді ұсынуға тырысады.

Әлеуметтік жұмыскерлер қамқорлығына алған адамдарға кесте бойынша келеді. Кесте қарттар мен мүгедектердің тілектері ескеріліп жасалады. Оны меңгеуші бекітеді. Әлеуметтік қызметкердің функционалдық міндеттері қызметтік нұсқаулықта көрсетілген.

Шетелдік тәжірибеге тоқталатын болсақ, Швецияда қарт адамдардың әлеуметтік құқықтарын қорғау 1982 жылы қабылданған «Әлеуметтік қамтамасыз ету туралы» заңында көрініс тапқан. Қарт адамның әлеуметтік көмектерді алуы негізгі бес қағидаға сүйеніп жүзеге асырылады:

Нормалау қағидасы. Әр азамат нормаға сай қоршаған орта жағдайларында еңбек етуге және өмір сүруге құқылы.

Адами қажеттіліктердің жаһандылық қағидасы. Адамға қажетті игіліктердің барлығы назарға алынуы керек.

Өз-өзін анықтау қағидасы. Адамды тұлға ретінде құрметтеу мен жеке басына қол сұқпау.

Қатысу қағидасы. Егде жастағы адамдар да өздеріне жауапкершілік алып өздерін бір нәрсеге болса да қажетті екендіктерін сезінгісі келеді.

Ынталандыру қағидасы. Егде жастағыларға олардың мүмкіншіліктеріне сәйкес тапсырмалар жүктелуі керек [4].

Қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету қызметін коммуналар жүзеге асырады.

Ұлыбританияның қарттарға қатысты әлеуметтік саясаты үйде тұру шарттарында толыққанды жағдай қалыптастыруға бағдарланған. Оның басты себептерінің бірі – интернаттық мекемелер желісінің толық дамымағандығы. Қарттарға үйде көрсетілетін әлеуметтік және медициналық көмек мемлекеттегі бүкіл әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың маңызды элементі ретінде қарастырылады. Мемлекет денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру

министрліктері арқылы қаржылық бақылауды жүзеге асырады.

Үй шаруашылығын жүргізу қиыншылықтарын «үйде көмек көрсету» қызметкерлерінің келіп-кетуі жеңілдетеді. Мұнда тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау органдарының қызметтері де кіреді: мысалы, учаскелік мейірбикенің қарт адамға жуынуға көмектесуі, екпе жасау және т.б. Әлеуметтік жұмыскерлер азық-түлік әкеліп беруге, бақшаға күтім жасауға жәрдемдеседі. Жалғызбасты қарттарға әлеуметтік көмек көрсетудің белгілі түрлерінің біріне «әлеуметтік клубтар» мен «әлеуметтік дәмханаларды» жатқызуға болады. «Қозғалмалы асханалар» қарттардың үйіне қымбат емес түскі ас апарып берумен айналысады. Қарттармен әңгімелесу, оларға моральдік-психологиялық қолдау көрсету мақсатында олардың үйіне бару мәселесіне де көп мән беріледі.

Қарттарға үйде көмек көрсету қызметі бөлімшелер арқылы іске асырылады. Қарттарға күтім көрсететін күндізгі немесе түнгі күтушілердің кезекшілігі үйде көрсетілетін қызметтердің кең тараған түрлерінің бірі болып табылады.

Францияда қарттарға үйде көмек көрсетудің негізгі екі түрі кең таралған: «үй көмекшілерінің» қызметтері және қарттарға үйде мейірбикелік күтім жасау.

«Үй көмекшілерінің» қызметі 50 жылдардың ортасында қалыптасты. Олар азық-түлік сатып алу, ас әзірлеу, тұрғын үйге күтім жасауды өздігінен жүзеге асырудан қиыншылық көретін қарттарға әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы қызметтер көрсетуге бағытталған және мемлекеттік сақтандыру жүйесі немесе жеке меншік сақтандыру компанияларының есебінен қаржыландырылады.

Өз-өзіне қызмет ету мүмкіншілігін жоғалтқан қарттарға «мейірбикелік күтім» қызметі тағайындалады. Олар дәрігерге дейінгі көмек пен гигиеналық сипаттағы қызметтерді көрсетеді.

Стационарлық медициналық мекемелерден шығарылған қарттарға «үй госпиталі» ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай азаматтарға дәрігерлер, мейірбикелер әлеуметтік жұмыскерлермен бірлесе отырып қызмет көрсетеді. Финляндияның әлеуметтік қамсыздандыру саласында жоспарлаудың орталықтанған жүйесі әрекет етеді. Өз-өзіне қарау мүмкіншілігі сақталған қарттарға пәтерді жинауда көмек көрсетіледі, ал үйден мүлдем шыға алмайтын азаматтарға азық-түлікпен қамтамасыз ету, тағам даярлау, санитарлық-гигиеналық қызметтер көрсетіледі.

Үйде көмек көрсету әрекетімен алдын ала арнайы даярлықтан өткен 13 мыңнан астам әлеуметтік жұмыскерлер айналысады. Үйге түскі ас индивидуалды термостарда жеткізіледі.

Германияда қарттарға әлеуметтік қызмет көрсетуде ерікті ұйымдар, бірінші кезекте, шіркеулік қайырымдылық одақтар мен Неміс Қызыл Кресті маңызды рөл ойнайды.

Үйде көмек көрсету қызметтері соңғы жылдары мамандар тобының немесе

пәнаралық топтың жұмыс әдісімен бекітілді.

АҚШ-та үйдегі кәсіби көмек қызметтерін сертификатталған жеке меншік немесе коммерциялық емес Үйдегі көмек агенттігі көрсетеді. Олардың қызметтерін қаржыландыруды екі федералдық бағдарламалар – Medicare пен Medicaid жүзеге асырады. Агенттік білікті күтім, физиотерапия, сөздік және еңбек терапиясы, әлеуметтік жұмыскерлердің, психологтердің, диетологтердің және т.б кеңес беруімен қатар медициналық және оңалту бағдарламаларын іске асырады.

L.W. Кауе үйде көмек көрсету жұмысын атқаратын пәнаралық топқа бағытталған талаптарды тұжырымдады:

- профессионалдарды интеграциялау мен координациялау;
- кәсіби терминдерді қолдану кезінде коммуникациялық барьерлерді жеңу;
- ұжымның әлеуметтік-экономикалық және мәдени айырмашылықтарын жеңу;
- ұжымда «медиатор» мен «модераторды», лидерді анықтау;
- кәсіби дағдыларды мойындау мен құрметтеу;
- кәсіби иерархия мәселесін ескеру;
- топ мүшелерінің қызығушылығын ескеру мен біліктілік айырмашылықтарын құрметтеу.

Үйде көмек көрсету жүйесіндегі топ жұмысының тәжірибесі қайшылықтар, бәсекелестік пен әлсіз координация тәуекелімен байланысты. R.W. Buckingham пікірінше, үйдегі көмек көрсетуді дамыту күтім үйлері мен басқа да баламалы институттарды қолдануды азайтумен байланыстырылады. АҚШ-та қарттарға үйде қызмет көрсету көрсетілетін көмек түрлерінің көптігімен сипатталады: түскі аспен қамту, шомылдыру, жайманы ауыстыру, педикюр жасау, шаш қию, кір жуу, заттарды тазалау, автокөлікпен қамтамасыз ету, емдік гимнастика. Сонымен қатар пәтерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, уақытша қолданысқа телефон ұсыну, мәдени іс-шаралар, бос уақыт пен ойын-сауықты ұйымдастыру қызметтерін де айта кеткен жөн [5].

Ұзақ мерзімдік көмектің аса маңызды компоненті – үйдегі көмек, қауым деңгейіндегі көмек. D. Horowitz, D. Shilling үйдегі көмекті қарт адамдардың қажеттілігін қанағаттандырып, олардың үйде қалуына мүмкіндік беретін медициналық, әлеуметтік, тәжірибелік қызметтердің жіктемесі ретінде анықтайды. Үйде көрсетілетін тиімді сауықтыру медицинасы қарттарды госпиталдау мен институализация қажеттілігін айтарлықтай төмендетуге қабілетті. G.M. Tarper, M. Porovich мәліметтері бойынша үйде көмек көрсету қызметтері – бұл науқастанудың немесе зақымданулардың жоғарғы тәуекелі бар,

функциясы бұзылған, терминалды науқастарға және кәсіби қызметкерлердің қысқа және ұзақ мерзімдік көмегін қажетсінетін барлық пациенттерге үйге келу арқылы кәсіби көмек көрсету. Үйде көмек көрсету қызметтерінің түрлері: үйге персоналдың келуі; үйдегі инфузиондық терапия; үйге медициналық қондырғыларды әкелу; хоспис; патронаждық қызметкерлер қызметі.

Авторлардың пікірінше, үйде көмек көрсету қызметінің базалық компоненттері: пациент, персонал, қызметтер ақысының экономикалық тетігі және соңғы нәтиже (J. Mehlman, S.J. Youngner).

Жоғары дамыған индустриалды мемлекет ретінде Жапонияда халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы ерлер үшін – 74,3, әйелдер үшін 79,8 жасты құрайды. Демографиялық жағдайдың өзгерісі қарттарға әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жақсаруына алып келді. Жаңа жүйе 1983 жылы енгізілді. Бұл қартаюшы қоғамға қызмет көрсету мәселелерін шешудің алғашқы кезеңі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV Заңы.
2. Закон РК от 21 июня 1991г. №692-ХІІ О социальной защищенности пожилых в РК. ЭБД «Юрист», 2007.
3. Қазақстан Республикасының СТ ҚР 1457-2005 Мемлекеттік стандарты мен Үйде әлеуметтік қызмет көрсетудің үлгі ережесі.
4. Корнюшина Р.В. Зарубежный опыт социальной работы: учебное пособие / Р.В. Корнюшина. – Владивосток: ТИДОТ ДВГУ, 2004.
5. Филд Д. Социальные связи в старости: Результаты Боннского и Берлинского лонгитюдных исследований; Психология старости и старения: Хрестоматия; сост. О.В. Краснова, А.Г. Лидерс. – М.: Академия, 2003. – С. 218-229.

REFERENCES

1. *Arnauuly aleumettik qyzmetter turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2008 jilgy 29 jeltoqsandagy 114 IV Zany (in Kaz).*
2. *Zakon RK ot 21 iyunya 1991, 692 XII O socialnoy zashishennosti pojilyh v RK. EBD IYRIST, 2007 (in Russ).*
3. *Kazakhstan Respublicasynyn ST QR 1457, 2005 Memlekettik standarty men Uide aleumettik qyzmet korsetudin ulgi erejesi (in Kaz).*
4. *Kornyushina R.B., Zarubezhnyi opyt socialnoy raboty. Uchebnoe posobie, Vladivostok. TIDOT DVGU, 2004 (in Russ).*
5. *Fild D., Socialnye svyazi v starosti. Rezultaty Bonnskogo i Berlinskogo longitudnyh issledovaniy. Pshichologiya starosti i stareniya. Hrestomatiya. sost. O.V. Krasnova, A.G. Lid-ers. M., Academiya, 2003, 218, 229 (in Russ).*

ӘОЖ 37.01:316.6

Ж.Т. ТУРСЫНБЕК, А.К. ИГИБАЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ

Мектеп жасына дейінгі кезеңде бала жана-жақты дамып, жетіле бастайды және оның бойындағы ең алғашқы дарындылық белгілері байқалады. Жан-жақты дамыған, білімді келешек ұрпақ еліміздің болашағы, яғни дарынды, рухани бай, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу – мемлекетіміздің басты міндеті. Ал осы дарынды баламен жұмыс жүйесіндегі басты тұлға – педагог. Қазіргі ізденімпаз педагогтің міндеті – баланың бойындағы дарындылықты дер кезінде байқап, оны одан ары жетілдіріп әкете алуы.

Түйін сөздер: дарындылық, дарынды бала, рухани-адамгершілік тәрбие, педагог, қабілет, дамыту, адамгершілік.

РОЛЬ ПЕДАГОГА В РАЗВИТИИ ТАЛАНТА У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

В дошкольном возрасте дети начинают всесторонне развиваться, у них появляются первые признаки таланта. Дети будущее нашей страны, то есть воспитание талантливых, духовно богатых, конкурентоспособных детей – главная задача государства. А главной личностью в работе с талантливыми детьми является педагог. Основная задача учителя заметить талантливого ребенка и развивать его дальше.

Ключевые слова: талант, талантливый ребенок, духовно-нравственное воспитание, педагог, способность, развивать, мораль.

ROLE OF THE TEACHER IN THE DEVELOPMENT OF TALENT IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

At preschool age, children begin to develop comprehensively and at the same time they appear the first signs of talent. Children are the future of our country, that is, education of talented, spiritually rich, competitive children – the main task of the state. A major figure in the work with gifted children is a teacher. The main task of the teacher to notice a gifted child and further develop it. And so the role of the teacher in the development of talent in children of preschool age is very large.

Keywords: talent, talented child, spiritual and moral education, teacher, ability, develop, morality.

Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың жан-жақты дамып, жетіле бастауының ең белсенді кезі. 3-тен 6 жасқа дейінгі аралықты мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғашқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғары жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды,

бойының өсуінде де өзгерістер байқалады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде (3-6 жас) бала құрбы-құрдастарымен, айналасындағы үлкен адамдармен жиі тілдік қарым-қатынаста болады, бұның өзі баланың логикалық ойлауына ерік сапасы мен есінің, қабылдауы мен қиялының, зейінінің дамуына әсер етеді. Соның нәтижесінде баланың алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда қоршаған ортамен қарым-қатынасы артып, жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі қалыптасады. Баланың мектепке дейінгі кезеңде дамуының әр жас кезеңі бойынша өзіндік ерекшеліктері бар. Қысқаша атап айтқанда:

3 жастан кейінгі кезең – сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Жетілуіне байланысты сөйлеуі дұрыс дамиды, сөзі анық емес, түсініксіз болады.

3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп, ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды.

4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қозғалысқа икемділігі байқалады. Допты немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарын да, күнделікті көріп жүргендерін ғана бейнелейді.

5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру, жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік қоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңбек әрекеттерін де орындайды.

Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді, барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді [5].

Бұл – 3 тен 6 жас аралығындағы бала дамуы мен қалыптасуының қысқаша ғана сипаттамасы. Сонымен қатар бұл кезеңде баланың бойындағы ең алғашқы дарындылық белгілері де байқала бастайды. Бұл жерде «дарындылық», «дарында бала» дегеніміз не деген сұрақ туындайды. Ендігі кезекте осыған тоқталып өтсек.

Дарындылық дегеніміз – қабілеттердің жиынтығы, қызметтің бірнеше түрінен көрнекті нәтижеге жеткен, қоғамға пайдалы ісімен көзге түскен адамның

қасиеті.

Дарындылық мәселесінің тамыры өте тереңде жатыр. Көне грек философтарының трактаттарында құнды ой-пікірлер аз айтылмаған.

Платон: «Талант пен данышпандылық өнер мен білімге байланысты емес, ол Алла тағаланың жіберуімен», – десе, Аристотель көркем шығармашылыққа назар аударған. Әйтсе де олар тәрбие мен білімнің берерін текке шығармаған.

Қайта өрлеу дәуірінде дарындылықтың табиғатына зер салғандардың бірі испан дәрігері – Хуан Уарте болды. Ол өз тәжірибелерін қорытындылай келе, талант табиғаттан келеді, оның дамуы үшін тәрбие мен еңбектің қажеттілігін айта келе, бұлар үшін кәсіби таңдап алуды, мемлекеттік жүйелер құруды айтқан.

Жеке адамның қабілеті мен дарындылығы туралы мәселелер көптеген Орта Азия мен Қазақстан ғалымдары мен ағартушыларын толғандырған. Олар: Әл Фараби, Бируни, Ибн Сина, Шоқан, Абай тағы басқалар.

Әл Фараби өзінің «Бақытқа жету» трактатында этикалық мәселелер жағынан адамның қабілетіне және оны оқытуда әртүрлі тәсілдер арқылы нәтижеге жетуіне көңіл аударған.

XIX ғасырда ғалымдардың жіктелуіне байланысты, соның ішінде психология мен педагогикада адамның психикасы мен қабілеті туралы арнайы зерттеу жұмыстары шыға бастады. Солардың бірін ағылшын психологі Фрэнсис Гальтон тұжырымдап берді. Ол адамдардың даралық айырмашылықтарын оқып, зерттеген. Өзінің еңбегі «Таланттың тұқым қуалаушылығы: оның заңдылықтары мен шығу тегінде» қабілеттің шығу тегінің методологиялық базасын негіздеген.

Гальтонның соңынан неміс педагог-психологі Э. Мейман дарындылықты теориялық тұрғыдан зерттеп, дарындылықтың туа біткен аспектісін айқындап, табиғи және жинақталған жақтарын біріктеруге ұмтылыс жасайды. Сөйтіп, есте сақтау дарындылығын ажыратып алып, дарындылық – даралық ерекшеліктерін зерттейді және адамдағы дарындылықтың қаншалықты дәрежеде екенін қарастырған.

Э. Мейман әсіресе дарындылықтың педагогикалық аспектісін, тәрбие мен оқытудың дарындылықтың дамуына тигізетін әсерін зерттеген [8].

Ғалымдар дарындылық мәселесін зерттей келе, оның жалпы және әдейі немесе арнайы түрін бөліп көрсетеді. Дарындылықтың 2 түрі де іс-әрекеттің әр түрлілігі мен формасында жалпы кезеңдер болуына байланысты. Осылай, жалпы ақыл-ой дарындылығы іс-әрекеттің барлық түрімен қамтамасыз етілгенде ғана орындалады. Олардың табысты орындалуы үшін белгілі ақыл-ой сапасы, «ақыл-ой құндылығы» қажет болады.

Арнайы дарындылық, өзі ерекше ашылып көрінетін белгілі іс-әрекет түрлерімен байланысты (математикалық, техникалық, музыкалық, сурет салу өнері, ақындық дарындылық және тағы басқа).

Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллект деңгейі анағұрлым жоғары.

Өз қызығулары бағытында дарынды адамдар қайтпас қажырлық таныта алады. Бұл қасиеттің адамдағы көрінісі – 2-3 жасар баланың бір іспен үзбей шұғылдана алу уақыты.

Басқа қатарларымен салыстырғанда дарынды бала өзін қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса, оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтатпайды.

Сонымен дарындылық бұл:

– іс-әрекет жетістігін қамтамасыз ететін, қабілеттердің өзгеше сапалы үйлесімі;

– адамның мүмкіндіктерінің кеңдігін шарттайтын жалпы қабілеттер;

– ақыл-ой потенциалы – логикалықты, жалпылау кеңдігін анықтайтын интеллект;

– қандай да бір іс-әрекетте бастапқы жоғары деңгейді қамтамасыз ететін табиғи мәліметтер мен нышандар жиынтығы;

– таланттылық.

Дарынды балалар – өз құрбыларынан ақыл-ойының дамуымен біршама озып немесе аса көрнекті арнаулы қабілеттерін көрсететін (музыкалық, көркемдік т.б.) балалар.

Психологиялық зерттеулерде дарынды баланың бірден көзге түсетін ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызады:

– оның шектен тыс жоғары белсенділігі;

– физиологиялық қажеттілігінде аз ұйықтауы;

– танып-білуге деген құштарлығы;

– қолына түскен заттарды реттеп, жүйелеуі;

– қайта құрастыру арқылы жаңа нәрсені ойлап табу әрекеттерін ұнатуы;

– ерте сөйлеуі;

– естігенін сөзбе-сөз қайталауы және тағы сол сияқты қасиеттер жатады.

[3].

Дарынды деп өз қатарларынан әлдеқайда дамыған немесе ерекше бір зейіні бар (музыкалық, көркемдік, спорттық т.б. қасиеттер бар) балаларды айтады; ғылыми тұрғыдан кәдімгі сөзде оларды жиі *вундеркиндтер* деп те айтады.

Дәл осындай жан-жақты дамыған вундеркинд балалар еліміздің болашағы екені сөзсіз. Сондықтан да дарынды, рухани бай, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу – мемлекетіміздің басты міндеті. Ал осы дарынды баламен жұмыс жүйесіндегі басты тұлға – педагог. Дарындылықты дамыту үшін жұмысты жүйелі

түрде ұйымдастыру, жаңа технология мүмкіндіктерін пайдалану, өз бетімен білім алуға жетелеу керек. Қазіргі ізденімпаз педагогтің міндеті – баланың белсенділігін, іскерлігін дамыту. Дарынды балалар оқу процесі барысында да ерекше тапқырлығымен, ғылыми ізденісімен көзге түсіп отырады.

Адамды танып білу, оның бойындағы ерекше қабілетті көре білу – педагог үшін аса қажет. Ол үшін ерінбей еңбектеніп, баланың ерекше қабілетін байқауда күнделікті сабақта, тәрбие жұмыстарында баланы үзбей бақылап, бала бойындағы дарындылықты немесе жүйелі білім алуға қабілетті тұлғаны анықтауға болады. Бала бойындағы жаңа қабілетті, жаңа қасиетті ашуына жағдай жасауды қазіргі таңда педагогтен талап етіп отыр. Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің барысында педагог өзі бірінші болып ізденуі тиіс. Себебі, педагог баланың дарындылығын дер кезінде байқап, оны ары қарай жетелеп әкетуі керек.

Бала дарындылығын дамытуда педагогтің атқартын рөлі өте жоғары. Сондықтан дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімге қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар бар. Олар: дарынды балалармен жұмыстың әлеуметтік қажеттілігін сезінуі; дарынды балалармен жұмысқа тұрақты қызығушылық таныту және нәтижелі әдіс-тәсілдерді талмай іздеуі; дарынды баланың ата-анасымен тығыз байланыс орнатуы – жеке тұлға теориясы, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілін білуі; дарынды баланы анықтаудың психодиагностикалық әдіс-тәсілін білуі; қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білуі; дарынды баланы оқытуы, тәрбиелеу үрдісінде үлгерімге ғана көңіл бөлмей, оның басқа көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлуі; дарынды балаларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған терендетілген бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс жасай білуі; бала дарындылығын дамытуға қажетті зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруы; балалармен қарым-қатынасын психологиялық тұрғыдан сауатты орната білуі; дарынды баланы оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі. Сондай-ақ балалардың шығармашылық қабілетін, қызығушылын арттыру үшін сабақта көрнекі құралдарды кеңінен пайдалану, сабақты түрлендіріп өткізу, техникалық құралдарды тиімді қолдану, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануы тиіс [7].

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты міндет балалардың қабілеттері мен талаптарын жан-жақты аша түсу үшін дарындылықтың ерекшеліктерін анықтау мен айқындау болып табылады. Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес. Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Бүгінгі күннің негізгі талабы білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын,

жаңаша ойлай алатын дарынды адамға айналдыру болып саналады. Олай болса, балалардың шығармашылығын, қызығушылығын дамыта отырып, дарынды, ізденімпаз, тапқыр, қабілетті, зор білімді келешек тұлға дамыту әрбір мектепке дейінгі мекеме педагогтерінің міндеті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 ж.
2. Н. Назарбаев «Қазақстан-2030» бағдарламасы.
3. Жексенбаева Ү.Б. Балалардың дарындылығын диагностикалау: әдістемелік құрал / Ү.Б. Жексенбаева. – Алматы, 2005. – Б. 3-5.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
5. Бала тәрбиесі. – №2. 2006. – Б. 5-10.
6. 12 жылдық білім. – №11. – 2006.
7. Жексенбаева Ү.Б. Оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу: әдістемелік құрал / Ү.Б. Жексенбаева. – Алматы. – 2005. – Б. 13-15.
8. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика, 2004. – Б. 15-25.
9. Асылбекова Ә. Бала тәрбиелеудегі семьяның рөлі.

REFERENCES

1. *QR Prezidenti N. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Zholdauy, 2014 (in Kaz).*
2. *N. Nazarbaev Qazaqstan 2030 baqdarlamasy (in Kaz).*
3. *Zheksenbaeva Y.B., Balalardyn daryndylyqyn diagnostikalau Adistemelik qural. Almaty, 2005 (in Kaz).*
4. *Nazarbaev N.A., Qazaqstan 2030. El Prezidentinin Qazaqstan halqyna zholdauy (in Kaz).*
5. *Bala tarbiesi, 2, 2006 (in Kaz).*
6. *12 zhyldyq bilim.11, 2006 (in Kaz).*
7. *Zheksenbaeva Y.B., Oqushylardy zertteu zhumystaryna baulu. Adistemelik qural. Almaty, 2005 (in Kaz).*
8. *Qojanbaev Zh.B., Qojanbaev R.M., Pedagogika, 2004 (in Kaz).*
9. *Asylbekova A., Bala tarbieleudegi sem'ianyn roli (in Kaz).*